



«СЫРТҚЫ САУДАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ»

ЕАЭО алдындағы негізгі бағдардың бірі

3

САРАПТАМА



КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ӘЛЕУЕТІ

Қауіп қайдан?

6

РУХАНИЯТ



«ЖОШЫ ХАН» АЛМАТЫҒА КЕЛДІ

16

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«МУЗЕЙЛЕР ТҮНІ»

Мегаполисте қандай іс-шаралар өтеді?

«Музейлер түні» халықаралық акциясы аясында сенбі, 18 мамырда, сағат 18.00-ден 00.00-ге дейін Алматы қаласындағы музейлерде тарих және өнерсүйер қауым үшін бірқатар қызықты іс-шара ұйымдастырылады. Музейлерге келушілер эксклюзивті артефактілер мен сирек кездесетін экспонаттарды, тарихи кейіпкерлердің қатысуымен театрландырылған қойылымдар тамашалай алады.

Сондай-ақ, квесттер мен викториналарға, қыш ыдыстар жасау және ортағасырлық монеталарды соғу, музыкалық аспаптар мен зергерлік бұйымдар жасау бойынша шеберлік сыныптарға қатыса алады. Белгілі музейтанушылар мен ғалымдар Алматы тұрғындары мен қонақтарына авторлық экскурсиялар өткізіп, интерактивті дәрістер жүргізеді.

Бұл түні Алматы музейлерінің барлығына кіру тегін болады. «Музейлер түні» акциясы аясында келушілер мәдениет пен тарих бағытындағы білімін таразылап, дәуірлер мен өнер арқылы бірегей және интерактивті әлемге саяхаттай алады. Экскурсоводтар, аты аңызға айналған тұлғалардың ұрпақтары, мәдениет қайраткерлері, атақты артистер мен танымал блогерлер музейлерге келген қала тұрғындары мен қонақтарына мәдени-танымдық бағдарламалар ұсынады. Бағдарлама Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жарияланған.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Акция аясында қызықты іс-шаралар ұйымдастыратын Алматы музейлерінің тізімі:
 – Алматы музейі – Қабанбай батыр көшесі, 132;
 – Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі – Зенков көшесі, 24 А;
 – Д.А.Қонаев музейі – Төлебаев көшесі, 117;
 – Н.Тілендиевтің мемориалдық музейі – Қонаев көшесі, 96;
 – С.Мұқанов атындағы әдеби-мемориалдық музей – Төлебаев көшесі, 125;
 – Ф.Мүсірепов атындағы әдеби-мемориал-

дық музей кешені – Төлебаев көшесі, 130;
 – Мультимедиялық дәстүрлі музыкалық орталық – «Нұркент» ықшамауданы, 1, 5/11;
 – А.Байтұрсынұлының музей-үйі – Байтұрсынұлы көшесі, 60.

Тақырыпқа орай айта кетсек, «Музейлер түні» алғаш рет 1997 жылы Берлинде өтті. Халықаралық музейлер күніне орайластырылған акцияның мақсаты – мәдени мұра мен өнерді насихаттау. Ал бізде бұл акция 2006 жылдан бері ұйымдастырылып келеді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ПРЕЗИДЕНТ

АЙМАҚТЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ АЛАҢЫ

Мемлекетаралық саяси диалог мүлде жаңа деңгейге көтеріліп келеді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

Орталық Азия елдері қауіпсіздік кеңестерінің хатшыларын қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев делегация басшыларына ілтипат білдіре отырып, Орталық Азия елдері қауіпсіздік кеңестері хатшыларының алғашқы кездесуі сыртқы және ішкі сын-қатерлер мен қауіптің алдын алу үшін күш-жігер біріктіретін, сондай-ақ оған қарсы тұруға қажетті шараларды әзірлейтін тиімді алаңға айналуы керек екенін атап өтті.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

17.05.2024

Түнде:



+13+15 °C
 Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, дауыл, бұршақ.

Күндіз:



+21+23 °C
 Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
 3-8, найзағай кезінде екпіні 17-22м/с

18.05.2024

Түнде:



+14+16 °C
 Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
 Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
 3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz



● ПРЕЗИДЕНТ

АЙМАҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЛАҢЫ

Мемлекетаралық саяси диалог мүлде жаңа деңгейге көтеріліп келеді

(Басы 1-бетте)

– Аймақтық ынтымақтастық барлық бағыт бойынша қарқынды дамуда. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – өте маңызды әрі оң үрдіс. Мемлекетаралық саяси диалог та мүлде жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Өңір елдері арасындағы өзара сауда-экономикалық ықпалдастық белсенді түрде кеңейуде. Соңғы бес жылда өңіршілік сауда-саттық көрсеткіші 80 пайыздан астам артып, 10 миллиард доллардан асқан. Бұл ретте елдер арасындағы экспорттық-импорттық операцияларды жоспарлы түрде ұлғайту, тауарлардың номенклатурасын көбейту мәселелері шешіліп жатыр. Бизнес арасындағы байланыс күшейіп, бірлескен кәсіпорындардың саны арта түсті. Аймақтық ірі жобалар бәрімізге айтарлықтай пайда әкеліп қана қоймай, Орталық Азия экономикасының бүкіл құрылымын да өзгертеді. Көлік-логистика әлеуетінің еселенуі өңірдің қарқынды дамуы үшін берік негіз болады. Сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық байланыстар жанданып, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастардың одан әрі нығая түсуіне ықпал етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Заманауи сын-қатердің көбі трансшекаралық сипатқа ие

Президенттің пікірінше, бұл процестер өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы нәтижелі диалогпен дәйектелуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев заманауи сын-қатерлердің көбі трансшекаралық сипатқа ие екенін айтты. Сондықтан оларға қарсы тұру үшін күш-жігер біріктіру қажет.

– Бұл жерде, ең әуелі, халықаралық экстремизм мен терроризмге, есірткі тасымалына, қару-жарақ саудасына қарсы күрес туралы сөз болып отыр. Осы орайда Ауғанстанға баса мән беруіміз керек. Бұл елде күрделі әрі түрлі бағыттағы процестер жүріп жатыр. Онда белгілі бір деңгейде тұрақтану, экономикалық жағдайдың жандануы белгілері бар екенін мойындау қажет. Екінші жағынан, халықаралық террористік ұйымдардың белсенділігіне байланысты қауіп-қатердің жоғары деңгейі сақталып отыр. Бұған Мәскеу облысында жүртты қанға бөктірген лаңкестік әрекет дәлел бола алады. Біздің ойымызша, Ауғанстанды өңірлік байланыстарға бел-



сенді тарту – дәл қазіргі кездегі стратегиялық міндеттердің бірі. Мұнда көп нәрсе біздің елдеріміздің үйлесімді ұстанымына байланысты. Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі аймақтық орталығын ашу өзекті мәселе деп санаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дайындықтың маңызды кезеңі

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі басқосу Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы Консультативтік кездесуіне дайындықтың маңызды кезеңі саналады. Аталған жиын 9 тамызда Астанада өтеді. Сондай-ақ, Қазақстан ұйымның биылғы төрағасы ретінде алдағы саммиттің әлеуетін нығайту үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатыр.

– Біз Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия – 2040» стратегиясын әзірледік. Өңірлік тығыз қарым-қатынастың басымдықтары, ең алдымен, бесжақты ықпалдастықты кеңейтуге және Орталық Азияның халықаралық субъектілігін нығайтуға бағытталған. Бұл құжатты Астанадағы саммит барысында қабылдаудың өңір үшін концептуал-

ды мәні зор болатынына сенімдімін. Елдеріміз арасындағы қатынастардың ерекше сипаты Орталық Азияны XXI ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартта бекітілген. Бұл құжат стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге көтереді. Осы тарихи шартқа қол қою рәсімінің аяқталуы және оның күшіне енуі Астанадағы саммиттің басты нәтижесінің бірі болар еді деп санаймын. Біздің бесжақты форматты институционалдық тұрғыда одан әрі жетілдіру өзекті болып қала береді, – деді Қазақстан Президенті.

«Орталық Азия +» форматы

Қасым-Жомарт Тоқаев достық, тату көршілік және одақтастық рухындағы өңірлік ықпалдастықтың деңгейі жоғары екенін атап өтті. Оның айтуынша, ынтымақтастық тек өңір ішінде ғана шектеліп қалмайды.

– Шетелдік серіктестермен жан-жақты байланыстар жоспарлы түрде нығайтып келеді. Өздеріңізге мәлім, әлемдік ойыншылар «Орталық Азия +» форматындағы белсенді ықпалдастыққа зор қызығушылық білдіріп отыр. Былтыр өткізілген кездесулердің (Орталық Азия – Еуропа Одағы, Орталық Азия – ҚХР, Ор-

талық Азия – АҚШ, Орталық Азия – Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі, Орталық Азия – Германия) қорытындылары соның айқын дәлелі, – деді Мемлекет басшысы.

Оңтайлы шешімі табылмайтын мәселе болмайды

Қазақстан Президенті жиынға қатысушыларды аймақтағы елдерді бір-біріне қарсы қоюға және оларды араздастыруға тырысушы бөгде күштерге бірлесіп қарсы тұруға шақырды.

– Біз мұндай тәсілдер мен әрекеттерге ашық қарсымыз. Бұған күмән болмасын. Жалпы, біздің елдеріміз арасында өзара оңтайлы шешім таба алмайтын мәселе жоқ және болмауға тиіс. Тек ортақ іс-қимыл синергиясы мен өзара қолдау бауырлас халықтарымыздың өркендеуіне жол ашатынына сенімдімін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстандағы су тасқыны кезінде бауырлас халықтардың тілеу-лестік танытып, көрсеткен көмегі үшін сіздердің елдеріңізге шын жүректен ризашылығымызды білдіргім келеді. Біз мұны жоғары бағалаймыз және оны шынайы достықтың, тату көршіліктің және өзара қолдаудың айқын дәлелі ретінде қарастырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі кездесудің қорытындысы Орталық Азия елдерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

– Біз ахуалдың ынтымақтастықты дамыту және өзара сенім бағытына қарай түбегейлі өзгергенін ерекше атап өтеміз. Осыдан 10 жыл бұрын Орталық Азия өңірінде мұндай жағдай болған жоқ деп нық сеніммен айта аламын. Экономикалық ведомстволарды басқаратын тұлғалардан бөлек, қазір мемлекеттер басшылары, үкіметтер мен күштік құрылымдардың жетекшілері, қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бұл Орталық Азия аймағындағы жағдайдың орнықты даму бағытына түскенін көрсетеді, – деді Қазақстан Президенті.

Жиынға Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Ғизат Нұрдәулетов, Қырғызстан Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Марат Иманкулов, Тәжікстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Насрулло Махмудзода, Өзбекстан Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Виктор Махмудов және Түркіменстанның Қазақстандағы елшілігінің әскери атташесі Аннамырат Ягмыров қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: akorda.kz).

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Естай БОЖАН, сарапшы:

ОРТАҚ ТҮСІНІК, ОРТАҚ ҰСТАНЫМ, ОРТАҚ ДАМУ ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Аймақ елдері Қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары алғаш рет бас қосып отырған бұл жиынның маңызы мен мәнін үш жақтан қарастыруға болады. Ең алдымен, мұның аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік тұрғысынан маңызы зор. Бес елдің де ұлттық қауіпсіздік мәселесінде Қауіпсіздік кеңестерінің құзыреті, билік ауқымы кең. Егер мұндай жоғары билік институттары арасында өзара диалог дамыса, аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттер арасындағы іс-қимылдар бұрынғыдан гөрі икемді бола түседі.

Екіншіден, соңғы он жылда Орта Азия елдерінде Қауіпсіздік кеңесі сынды институттың билік тармағындағы маңызы жоғарылады. Бұның өзі осы кезеңнің қажетінен туды. Күрделі геосаяси жағдайда аймақ елдері арасындағы өзара сенім мен ішкі интеграция дамуы ауадай қажет. Сыртқы күштердің аймақтағы белсенділігі артып келеді, онымен параллель түрде көршілес елдердің ортақ ұстанымға қарай бірігуі де жеделдей түсті. Қауіпсіздік кеңестері, міне, осындай үрдісті дер уақытында бағамдап, өзара іс-қимылдарын үйлестіруге тиіс.

Үшіншіден, аймақтың ішкі мәселесін бірлесіп шешуіне осынау дағдылану тұрғысынан маңызды. Кешегі басқосу да осындай тақырыптар көтерілді. Бұл шынында қуанарлық

жағдай. Өйткені, жаһандық жағдайдан байқап отырымыз, бір аймақтағы көршілес елдер арасындағы қандай да бір даудамалды өздері тиімді шешпесе, бұл қашанда сыртқы ойыншылардың қызығушылығын оятады. Оның соңы мүдделі тараптар қатарын молайтып, араздық асқына түседі. Қауіпсіздік кеңестерінің бас қосып «өз ісін өзі қолға ала бастауы» Орта Азияның ортақ түсінік, ортақ ұстаным, ортақ даму үлгісін қалыптастыруға әсер етеді.

Басқосуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы аса маңызды ұсыныстарды ортаға салды. Айталық, жиынға қатысушыларды аймақ елдерін бір-біріне қарсы қоюға және оларды араздастыруға тырысушы бөгде күштерге бірлесіп қарсы тұруға шақырды. Расында, аймақ елдері бұл бағытта қазіргіден де белсендірек ынтымақтасуы тиіс. Сыртқы жағдай өз алдына, аймақтың өз ішінде де байыппен шешуді талап ететін мәселелер бар. Шекара бөлінісі, су ресурсы секілді барған сайын сезімтал бола түскен мәселелерді араздық білтесіне айналдырмай шешу, оған қоса осындай түйткілдерді бөгде күштердің пайдалануына жол бермеу бар тараптың жауапкершілігін қажет етеді.

Тамызда Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы Консультативтік кездесуі біздің елде өтеді. Кешегі басқосу да осы ауқымды алаңның дайындық жұмыстары деуге болады. Ел лидерлері арасындағы бұл жоғары деңгейдегі алаң бес жыл айналып, міне екінші кезеңіне аяқ басқалы отыр. Әрі Қазақстанның қайталай төрағалығы кезінде жаңа деңгейге көтеріледі деп күтіледі. Міне, сондықтан әр елдің жоғары билік институттары арасында пікірталасулар алдын ала жүзеге асырылып жатыр.



ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНАН KEЙІНГІ ОЙ

«СЫРТҚЫ САУДАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ» ЕАЭО алдындағы негізгі бағдардың бірі

байланыс орнату үшін келіссөздер жүргізілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағытта жұмысты ілгерілетуге мүдделі екенін жеткізді. Сонымен қатар, Моңғолиямен байланыс орнату бастамасын қолдайтынын мәлімдеп, алдағы уақытта Азия, Африка және Таяу Шығыстағы жылдам дамып келе жатқан елдермен ынтымақтастықтың перспективасы зор екенін атап өтті:

«Әлемдік жалпы ішкі өнімнің қазіргі 60 пайыздық өсімі тек Азияға тиесілі болады деген болжамды ескерсек, Жаһандық Оңтүстікпен арадағы кооперация ерекше қызығушылық тудырады. Қазақстан сияқты Парсы шығанағының нарығына шығу үшін Экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді Халықаралық көлік дәлізін құру жөніндегі Ашхабад келісіміне қосылуға шақырамыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алғашқы ресми сапар

Биыл өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының мерейтойдан басқа тағы бір ерекшелігі бар. 15–17 наурызда Ресейде Президент сайлауы өткеніне көпшілікке мәлім. Сайлауда айқын басымдықпен Владимир Путин жеңіске жетті.


7 мамырда Мәскеуде жаңадан сайланған Ресей Президентін ұлықтау рәсімі өтті. Яғни ЕАЭО аясындағы кездесу Владимир Путиннің президенттік қызметке ресми кіріскеннен кейінгі алғашқы халықаралық шара ретінде тарихта қалды. Бұдан еуразиялық интеграция Ресейдің сыртқы саясатында негізгі бағыттардың бірі болып қалатынын көруге болады.

Ресей Президенті Владимир Путин ұлықтау рәсімінен кейін, 16–17 мамырда алғашқы мемлекеттік сапармен Қытайға барды. Демек, Ресейдің сыртқы саясатында ҚХР-мен байланыс та негізгі бағыттардың бірі болмақ деген сөз. Мұны ескерсек, ЕАЭО мен «Бір бағыт, бір белдеу» жобасы арасында экономикалық кооперацияға жаңа мүмкіндіктер ашылуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.



Биыл ЕАЭО келісіміне
10 жыл



8 мамырда, Мәскеуде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы өтті. Биыл ЕАЭО келісіміне 10 жыл толып отыр. 2014 жылы 2 мамырда ұйым халықаралық қатынастардың тең құқылы субъектісі атанды. Мерейтойлы саммитке Қазақстанның Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы өз сөзінде ұйымның осы күнге дейінгі жетістіктері мен алдағы атқаруы тиіс шаралар туралы айтты. Әсіресе, халықаралық әріптестікті нығайту керектігі туралы ұсынысын ерекше атап өткен жөн.

Жиынға кімдер қатысты?

Мерейтойлық саммитке Қазақстан Президентімен қатар Армения Премьер-министрі – ЖЕЭК төрағасы Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттердің басшылары – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудес, сондай-ақ ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Биыл 10-шы рет өткен саммитте протоколға сәйкес мемлекет басшыларының қатысуымен алдымен шағын, кейін кеңейтілген құрамда кездесу өтті.

Үшінші елдермен байланыс

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңейтілген құрамдағы кездесуде сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ұйымның 10 жылдағы жетістіктері мен алдағы сын-қатерлеріне, мүмкіндіктеріне тоқталды. Әсіресе, үшінші елдермен байланыс орнатуға аса мән берді. Осы орайда Мемлекет басшысы «сыртқы сауданы қайта құру» ісі ұйым алдындағы негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті: «Бірлестігіміздің жаһандық нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік мол екені анық. Еуразиялық экономикалық комиссияға Одақтың сыртқы контурдағы әлеуетін нығайту мақсатында жүйелі шешімдер әзірлеуді тапсыруды ұсынамын. Еуразиялық өнімді шетелдік нарыққа неғұрлым белсенді шығару үшін тиісті жағдай жасау қажет. Тауарды үшінші елдерге кедергісіз тасымалдау ісін қамтамасыз ету өте маңызды. Әлемдік экономиканың трансформациясы аясында Еуразиялық

экономикалық одақтың үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер желісін кеңейтудің мәні зор. Бұл экспорттаушылармыздың жаңа нарықтарға шығуын барынша жеңілдетуге, оларды өңірлік және жаһандық өндірістік тізбектерге қосуға мүмкіндік береді».

• Қазақстан не үшін ұйымның сыртқы әлеммен байланысына мүдделі? Себебі, санкциялық текетірес заманында әлемнен оқшауланып қалмау қажет. Оқшаулану мемлекеттің ғана емес, халықаралық ұйымдардың да экономикалық әлеуетін төмендетеді.

Үшінші елдермен байланыс орнату бағытында ұйымның жетістіктері аз емес. 2016 жылы Вьетнам, 2018 жылы ҚХР мен Иран, 2019 жылы Сингапур мен Сербия мемлекеттерімен экономикалық байланыс орнатылды. Сонымен қатар, Біріккен Араб Әмірлігі мен Индонезиямен экономикалық

• 2014 жылы 29 мамырда Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісімге Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің басшылары қол қойды. Сол жылы 10 қазанда Армения, 25 желтоқсанда Қырғызстан ЕАЭО-ға қосылу туралы келісімге қол қойды. Сөйтіп, 2015 жылдан бастап ұйымға 5 мемлекет мүше атанды. 2020 жылы аймақтық ұйымға Өзбекстан мен Куба бақылаушы мемлекет мәртебесін алды.

БРИФИНГ

Алматы еріктілері су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 592 тонна гуманитарлық көмек жіберді. Көмек көрсетуге қала тұрғындары, кәсіпкерлер мен белсенді жастар қатысты. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы еріктілер фронт-кеңсесінің басшысы, «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрағасы Бағдат Анарбаева мәлімдеді.

Нуржамал
ӘЛШЕВА

Оның айтуынша, биылғы 29 наурыздан 15 сәуірге дейін Алматы ауданының комьюнити-орталығы базасында қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен ашылған гуманитарлық көмек қабылдау пункті жұмыс істеді. Пункт күн сайын сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істеді. Сағат 19.00-ден 24.00-ге дейін еріктілер гуманитарлық көмекті санау және жинақтау бойынша жұмыстар жүргізді. Жалпы, еріктілердің негізгі бөлігі гуманитарлық көмекті қабылдау, орау және жинақтау жұмыстарына тартылды.

«Көмек жинау пунктінің жұмысына қаланың 30-дан астам ірі волонтерлік ұйымы, 200 ерікті, радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының 100-ден астам курсанты жұмылдырылды», – деді Бағдат Анарбаева.


Биылғы 29 наурыз бен 15 мамыр аралығында 592 тонна гуманитарлық көмек жиналды (200 тонна азық-түлік, 147 тонна гигиеналық құралдар, 70 тонна киім, қалған 35 тоннасы тұрмыстық заттар). Олардың 70 тоннасы Оралға; 44 тоннасы Ақтөбе облысына; 268 тоннасы Атырау облысына; 70 тоннасы Қостанай облысына; 140 тоннасы Петропавлға жөнелтілген. Ал «Jas Live» жастар медиа-орталығының басшысы Мейіржан Келмеденов жіберілген гуманитарлық көмектен бөлек, су басқан өңірлерге тікелей барып көмектескен алматылық волонтерлер туралы айтты.

«Төтенше жағдайдың алғашқы күндерінде 10 тонна гуманитарлық көмек жіберіліп, Орал қаласына еріктілер аттандырылды. Содан кейін біз өңірлердің қажеттіліктеріне қарай Алматыдан Атырау облысы мен Ақтөбе қаласына 50-ге жуық ерікті жібердік», – деді ол.

Брифинг соңында спикерлер алматылықтарға игі істе көрсеткен белсенділігі мен қолдауы үшін алғыс білдірді.

ҚИЫН ШАҚТА БІРГЕМІЗ

Алматылық волонтерлер су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 592 тонна гуманитарлық көмек жіберді



Коллажды жасаған Нұрбол ҚОШБАСЫНҰЛЫ.

Алматы – Санкт-Петербург бауырластығы:

ЖАҢА СЕРПІН

Шаһар басшысы Ерболат Досаев ресейлік делегациямен кездесті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Санкт-Петербург заң шығару жиналысының төрағасы Александр Бельский мен Санкт-Петербургтің вице-губернаторы Борис Пиотровский бастаған делегациямен кездесті.



Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен дамыту, бірлескен жобаларды іске асыру және мәдени-гуманитарлық салада, білім мен ғылымда тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

Тараптар Алматы мен Санкт-Петербургтің бауырластығы туралы келісімге жаңа серпін беруге келісті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

ІСКЕРЛІК ӘРІПТЕСТІК

Мегаполис әкімі Қазақстандағы Бас және Құрметті консулдармен жүздесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Қазақстандағы шетел мемлекеттерінің Бас және Құрметті консулдарымен жүздесуінде басым бизнес-жобаларға инвестициялар тарту мәселелері талқыланды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Алматы – Қазақстанның мәдени, ғылыми, іскерлік және қаржы орталығы, оның үлесіне экономиканың бестен бір бөлігі (2023 жылы 20,6%) және ҚР бюджетінің барлық кірістерінің төрттен бірінен астамы (2023 жылы 26,2%) тиесілі екенін атап өтті. Сондай-ақ, кездесуге қатысушыларды іскерлік әріптестікті кеңейту мәселе-

лерінде жан-жақты өзара іс-қимылға шақырды. Қала «Алматының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» аясында ауқымды, инфрақұрылымдық және экологиялық жобаларды іске асыруда инвесторлармен ынтымақтастық үшін ашық.

Инвестициялар үшін перспективалы бағыттарды атап өтіп, Ерболат Досаев жүрдек қоғамдық көлік жүйесін құру және ірі инновациялық өндірістер дамыған Алматыдағы Индустриалды аймақтың аумағын 40%-ға

кеңейту жоспарлары туралы айтып берді (бүгінде ИАА-ның жалпы ауданы 490 га құрайды). Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін экономиканың басым салаларында (өңдеу өнеркәсібі, туризм, IT және креативті индустриялар) еңбек өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құруға баса назар аударылатын болады. «Смарт Ситиді» құру контекстінде ауа сапасын жақсарту және қаладағы ластану деңгейін төмендету жөніндегі «жасыл» жобалар мен бастамаларды, цифрлық жобаларды іске асыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру нысандарын салу мен заманауи жабдықтармен жаратқандыруға ерекше назар аударылатын болады.

Инвесторларды қолдау үшін ағымдағы жылдың маусым айында «Almaty Business Development Center» қалалық фронт-офисі ашылады. Онда консультациялық қызметтер «бір терезе» (One-Stop Shop) қағидаты бойынша ұсынылады. Бұдан басқа, Алматыда тұрақты даму стандарттарына сай келетін инфрақұрылымдық және экологиялық жобаларды қаржыландыру үшін жасыл облигациялар шығарудың ерекше мүмкіндігі бар.

Кездесуде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы Өкілдігі басшысының м.а. Исламбек Раимов, ҚХР, Иран, Түркия, Францияның Бас консулдары, «Құрметті консулдар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы Денис Ван ден Вейх, сондай-ақ Нидерланды, Словения, Чехия, Швецияның Құрметті консулдары құттықтау сөз сөйледі.

Кеңеске қатысушылар Алматының соңғы жылдардағы экономикалық даму қарқынының серпінділігін және сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтудегі жоғары әлеуетін атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар одан әрі өзара іс-қимыл жасауға және достық қарым-қатынастарды дамытуға дайын екендіктерін білдірді.

Былтыр біздің кітапханаларға келушілер саны 3 миллионнан асты», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Алматының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітап қоры – 1,3 миллионнан асады. Мамандар қазірдің өзінде 7 мыңнан астам кітапты цифрландырды, оның 1300-і электронды оқу залында бар. Былтыр Алматы қаласын дамытудың Жол картасы аясында мегаполистің 12 кітапханашысы Сеулде табысты тағылымдамадан өтіп, кітапханалық қызмет көрсетудің заманауи тәсілдерін зерделеді. Биыл мамандар Германия мен Швейцарияда тағылымдамадан өтеді.

«Модернизациядан кейін оқырмандар саны 50 пайызға өсті. Мұнда оқу үшін барлық жағдай бар. Әдебиеттің алуан түрі, ғылыми еңбектер, энциклопедиялар бар», – деп мәлімдеді №14 кітапхана-филиалының меңгерушісі Құндыз Набидолла.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2025 жылға қарай Алматыда 22 жаңа мектеп пайда болады.



Алматыда «Қарғалы» су сүзгілеу станциясы 1 маусымда іске қосылады.



Мегаполистің туристік қызмет саласында 80 983 адам жұмыс істейді.



Алматыда 2024 жылдың бірінші тоқсанында 4399 неке, ал 15 сәуірде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күні 92 неке тіркелген.



Өткен жылы 100 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызылды.



Биыл 24 субұрқақ қайта жаңғыртылады.

Әзірлеген Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

БІЛІМ ҚАЗЫНАСЫ

7 мыңнан астам кітап цифрлық форматқа көшірілді

Алматыда кітапханаларды жаңғырту бағдарламасы 95 пайызға аяқталды.

Айнабай
МӘДІ

Қала әкімі жаңа форматтағы кітапханаға барды. Жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев №14 кітапханаға барып, онда жаңғыртылғаннан кейінгі жұмыстың жаңа форматымен танысты.

«Жастар кітапханасының кәсіби қоғамдастығын дамыту үшін халықаралық жобалар мен тағылымдамалар қажет. Қазір Алматы кітапханаларында 400-ге жуық адам жұмыс істейді, бұл негізнен жас кадрлар екені қуантады. Өткен жылы сала қызметкерлерінің жағдайы үштен біріне өсті, кадрлар айналымы бірнеше есе төмендеді. Алматылықтар оқуды жақсы көреді.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

МЕРЗІМДІ БҰЗҒАН МЕРДІГЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЛМЕЙДІ

Алматыда 50-жылдардан бастап пайдаланылатын су құбыры желісін қайта жаңарту жұмысы аяқталып келеді. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданы Марков көшесіндегі (әл-Фараби даңғылынан Ғабдуллин көшесіне дейінгі) су құбыры желісін қайта жаңарту барысымен танысты.



карағаны үшін сөгіс жариялап, «енді жауапсыз мердігерлермен жұмыс істемейміз» деп ескертті. Ерболат Досаев жауапты тұлғаларға мердігердің міндетіменің сапалы әрі уақытылы орындалуын қатаң бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды. Сондай-ақ, мегаполис басшысы құрылыс жүргізу кезінде тәртіп сақтамағаны үшін ескерту жасады.

Осы учаскедегі су құбыры желілерін қайта жаңарту 43 көппәтерлі үй мен 6 әкімшілік ғимаратты сумен қамтамасыз етеді. Жұмыс барысында тұтынушылардың сумен жабдықталуы тоқтатылған жоқ. Жол төсемі қазіргі шарт аясында қалпына келтіріледі. Су құбыры желісін қайта жаңарту «Алматы Су» МКК меншікті инвестициялық бағдарламасы шеңберінде жүргізілді.

Бұл ретте желілер 100 пайыз тозған, тек соңғы екі жылда аумақта 20 апаттық жағдай болған. 1,2 км су құбыры желісін реконструкциялау жұмысы 2023 жылдың тамызында басталып, жыл соңына дейін аяқталуы керек-тін. Алайда, мердігер ұйым мерзімінде аяқтамады. Осыған байланысты компанияны «мемлекеттік сатып алудың жауапсыз қатысушысы» деп тану туралы сотқа талап-арыз берілді, іс қаралуда.

Құрылыс-монтаж жұмысы биылғы наурызда қайта жанданды, ағымдағы жылдың маусымына аяқталады деп жоспарланған. Қала басшысы мердігерге мерзімді бұзғаны және міндетіне салғырт

ЭКОКӨЛІК

МИКРОМОБИЛЬДІ МӘДЕНИЕТ

жол инфрақұрылымын пайдалануды оңтайландырады

Микромобильділік – уақыт талабы. Алматыдағы ұзын-сонар кептеліс осыған көз жеткізе түседі. Көлік кептелісі әлдеқашан жаһандық құбылысқа айналғанымен, әлемдегі әр қала бұл мәселені өзінше шешуге кіріскен. Кептеліс проблемасын шешудегі урбанистік тәсіл қозғалыс трафигін басқаруды, жол инфрақұрылымын пайдалануды оңтайландыру мен қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтуға бағытталған түрлі стратегияны қамтиды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Веложолдар – 67 шақырым

Алматыда осы бағытта жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Биылғы қаңтарда қаланың көлік қаңқасының шеберлік жоспары қабылданды. Қалада қоғамдық көлікті дамытуға ден қойылды, қаланың батыс шекарасына қарай метро бекеттері салынуда. Жүрдек рельсті көлік (BRT), LRT дамытуға қатысты құрылым қалыптаса бастады.

Күн жылына қала көшелерінде велосипедтер мен самокаттар қарасы көбейді. Жылдам экокөлікке артықшылық беретін алматылықтардың саны артауда. «Алматы-БасЖоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуов жол жүктемесінің проблемасы, көлік қаңқасының ерекшелігі мен микромобильді көліктің дамуы орайында істеліп жатқан жұмыстар жайында айтты.

«Алматыда кейінгі жылдары велокөлікпен байланысты инфрақұрылымды құруға көп көңіл бөлінді. Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, бүгінде қалада 92 шақырымға жуық вело-инфрақұрылым жабдықталған. Веложолдар ұзындығы – 25 км, веложолдар – 67 шақырымға жуық. Жібек жолы, Өтепов, Торайғыров пен Кекілбайұлы көшелерінде оқшауланған веложолдар бар. Себебі, қазір ыңғайлы, заманға сай электрлі самокаттар кеңінен

КЕРЕК КЕҢЕС

Самокаттардың жылдамдығы 25 км/сағатқа дейін жетеді. Саябақ, бульвар мен адамдар көп жүретін көшелерде самокат жүргізушілер жылдамдықты автоматты түрде 10–15 км/сағатқа дейін төмендетуі керек. Жол қозғалысы қағидасына сай, тротуарда самокат жүргізушісі сағатына 6 км-ден жылдам жүрмеуі керек. Бұл шара авариялық жағдай қаупін азайтады.

қолданылады. Самокат жүргізушілері веложол мен веложолдарды белсенді пайдалануда», – дейді А.Садуов.

Садуовтың айтуынша, көлік қаңқасында «соңғы миль көлігін» одан әрі дамытуда велосипед қозғалысына ең қажет дәліздерде веложол желісін ұлғайту көзделген.

Жолдағы көлік санын азайтуға көмектеседі

«Электрлі самокаттар – бұл бізге біршама жаңа көлік түрі. Самокаттар кейінгі бірнеше жылда ыңғайлылығы әрі экологиялық тазалығымен танылды. Әдет-

РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Алматыда апаттық сорғы станциясы қалпына келтіріледі. Шағар басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданында жұмыс сапары барысында Волховская көшесінде орналасқан сумен жабдықтаудың апаттық сорғы станциясына барды.

ЖӨНДЕУ КӨРМЕГЕН СОРҒЫ СТАНЦИЯСЫ ҚАЙТА ЖАРАҚТАЛАДЫ

1987 жылы салынған сорғы станциясы 500-ден астам тұрғыны бар 4 көпқабатты тұрғын үйді ауызсумен қамтамасыз етеді. Жалпы, негізгі сорғы станциясы жұмыс істемейді, 32 жыл бойы жөндеудің болмауы нысанды апатты жағдайға жеткізді. Қазіргі уақытта тозығы 90 пайыздық резервтік сорғы жұмыс істейді.

Қала басшысының тапсырмасымен сорғы станциясына тексеру жүргізіліп, авариялық-қалпына келтіру жұмысының сметалық құны анықталды. Жұмысты осы жылдың маусым айында бастау жоспарлануда. Алматы қаласының әкімі тұрғындардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысанды реконструкциялауды дереу қолға алу мен жұмыс аяқталғаннан кейін сорғы станциясын «Алматы Су» МКК балансына беруді, оны қалалық жүйенің бір бөлігіне айналдыруды тапсырды.

Биыл Алмалы ауданында осыған ұқсас тағы екі апаттық нысан мәселесі шешілді. 26 жыл ішінде алғаш рет Әйтиев көшесі,



13-үйдегі 26 жылда жөндеу көрмеген сумен жабдықтау сорғы станциясы толығымен қайта жаңартылды. «Панорама» КЖК су бұру мен сумен жабдықтау сорғы станциясында авариялық-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. 1600-ге жуық абонент тұрақты әрі сапалы сумен қамтамасыз етілген.

КЕРЕК ДЕРЕК

- * Жыл басында Алматыда кикшерингтік самокаттар саны шамамен 17 мың бірлікке жетті.
- * Былтыр электрлік құралдарымен 14 млн-нан астам сапар жасалған. Бұл бұрнағы жылғы көрсеткіштен екі есе көп.
- * Бұл ретте самокаттардың қатысуымен болған жол-көлік оқиға саны 2023 жылы 35 пайызға, 41-ден 27 оқиғаға дейін төмендеді.

пайдаланудың негізгі артықшылығын атап өтті:

– Көліктік проблеманың азаюы. Самокаттар ірі қалалардағы көліктік проблеманы жеңілдетуі мүмкін. Өйткені, олар адамдарға қысқа қашықтыққа оңай жүруге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдық көліктердегі жүктемесін азайту мен жолдардағы көлік санын азайтуға көмектеседі.

– Денсаулық. Самокаттарды пайдалану белгілі бір физикалық дайындықты қажет етеді, ал самокатпен саяхаттаудың өзі белсенділікті ынталандырады әрі адамдарға белсенді өмір салтын сақтауға көмектеседі.

– Экологиялық пайда. Өйткені, самокаттар ауаны пайдаланылған газдармен ластамайды.

«Алайда, самокаттың максималды тиімділігіне, самокат жүргізушілеріне де, автокөлік иелеріне де жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қажетті инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ оларды заңнамаға сай пайдалануды реттеу маңыздылығын ескеру қажет. Самокат жүргізушілері көлік иелері сияқты жолдарда жауапты болуы керек деп санаймын», – деп сөзін түйіндеді «Алматы-БасЖоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуов.

те, барлық жаңа нәрсеге үйреніп, машықтануға уақыт қажет. Иә, бастапқыда самокатқа қатысты жаяу жүргізушілер көзқарасы теріс болғаны рас. Сонымен қатар, самокат жүргізушілеріне де көп нәрсе таңсық болды. Сол себептен, қателікке жол беріліп, жарақаттану аз болмады. Бірнеше жылдан соң біз көліктің бұл түрі уақытты бағалайтын, мобильділікті жақсы көретін алматылықтардың күнделікті өміріне қалай үйлесімді енгенін байқадық. Статистика да оң динамиканы растайды. Бір сөзбен айтқанда, қаламызда микромобильділік мәдениеті дамып келеді», – деді А.Садуов.

Урбанист микромобильді көлікті



ҚАУІП ҚАЙДАН?

XXI ғасырда ақпарат құнды ресурсымызға айналды. Апта басында халық арасында «Egov порталына кибершабуыл жасалыпты, смс-хабарлама таратуда, ашпаңыздар» деген хабарлама желдей ессе, ізін ала «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ «Халыққа қызмет көрсету орталықтарының сайты бұзу және 1414 нөмірінен жаппай жалған тарату туралы» ақпаратты жоққа шығарды.

1414 нөмірінен келген хабарлама жалған емес. Жауапты ведомство бұл хабарлама eGov mobile-де тіркелмеген пайдаланушыларға жіберілген деп мәселенің мән-жайын түсіндірді. Десек те, азаматтардың жеке деректері бүгінде әрбіріміздің әлеуметтік активімізге айналған. Жалған ақпараттың таралуы бүгінде кибершабуылшылардың стратегиялық құралына айналды. Деректердің қауіпсіздігі, транспаренттілігі – мемлекет қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Мақаламызда еліміздің киберқауіпсіздігінің әлеуеті мен мүмкіндіктерін талдап көрелік.



Дереккөз: www.egov.kz

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ӘЛЕУЕТІ

Жеке деректің құпиялығын қамтамасыз етуде цифрлы сауаттылық деңгейі қалай?

• БҰҰ-ның зерттеуіне сәйкес, 2023 жылы Қазақстан әлем елдері бойынша «Электрондық үкіметті дамыту» индексі бойынша 28-орын (+1) және «Онлайн қызметтер» индексі бойынша 8-орынды иеленді. Бүгінде мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша 90%-дан астам қызметтер цифрлық негізде көрсетіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің алдына 2026 жылға қарай IT-қызметтерінің экспортын 1 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша нақты тапсырма берді. Ақпараттық қызмет көрсету саласының ауқымы артып келеді.

• Киберқауіпсіздік – бұл қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет.

Цифрлық технологиялардың қызмет ету аймағының артуымен бірге әлемде ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің маңызы артып, әрбір елдің ұлттық қауіпсіздігінің негізіне айналды. Security журналының мәліметінше, әлемде күн сайын 2200-ден астам кибершабуыл орын алады, орташа есеппен әр 39 секунд сайын бір шабуыл жасалады. Жылына орта есеппен 800 000-нан астам кибершабуыл жасалса, шабуылдардың 95%-дан астамы қолданушылардың қателігінен туындайды. Яғни базалық ақпарат қауіпсіздігі бойынша ережелерді ұстанбағандықтан.

Кибершабуылдар саны жыл сайын өсіп келеді. Сонымен қатар, жалған ақпарат таратып, халықтың танымына сенімсіздік қалыптастыру арқылы кибершабуылшылардың жұмыс жасау

тәсілдері де күрделене түсуде. Ақпараттық дереккөздеріне қол жеткізу мақсатында жыл сайын кибершабуылдардан қорғану тәсілдерімен қатар, шабуыл формалары мен механизмдері де өзгеруде. Ақпараттық қауіпсіздік қоғамдық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі. Ақпараттық қауіпсіздік ұғымы құпия қолжетімділік, тұтастық қағидаттары аясында ғана қол жеткізіледі.

Елімізде мемлекеттік қызмет көрсету саласында ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында электрондық үкімет Egov порталы, «E-License», «Smart Data Ukimet» жүйелері, «Отбасының цифрлық картасы» цифрлық жобасы және «e-Otinish», E-gov Mobile мобильді қосымшасы және басқа да маңызды қызмет көрсету саласын қамтитын бірегей экожүйе қалыптасқан. Нәтижесінде елімізде әрбір саби дүние есігін ашқаннан бастап, зейнетке шыққанға дейінгі кезеңде мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтерді толықтай цифрлық форматта ала алады. Азаматтарымыз арасында цифрлық қызмет көрсету саласын «бір есік» қағидаты аясында онлайн қол жеткізу қалыпты процеске айналды.

Елімізде цифрлық технологиялардың қолданыс аясының артуы стратегиялық негізде халық пен үкімет арасында өзара тиімді байланыс құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Мысалы, жаһанды жайлаған COVID-19 пандемиясы кезінде, карантинге байланысты табыс көзінен айырылған азаматтарға бір реттік әлеуметтік төлем көрсету бойынша бір тәулік ішінде ел халқының 80%-дан астамына әлеуметтік аударым жасалса, бүгінде ҚР Еңбекті қорғау және әлеуметтік

қорғау министрлігінің ресми өкілі Мадияр Уақпаевтың мәліметінше, су тасқынынан зардап шеккендер алдағы уақытта мобильді қосымша арқылы өтінім беретін болады. Сондықтан цифрлық платформалардың маңызы мен ықпалы жыл сайын арта бермек.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласының цифрлық технологиялар аясында интеграциялануы – жаһандық құбылыс. Десек те, қазіргі таңда цифрлық қызмет көрсету саласында кибершабуылдармен қатар, жалған ақпараттың таралуы сынды мәселелердің маңызы артауда. Алайда, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық қызмет көрсету саласының ауқымы артқан сайын, цифрлық қауіпсіздік мәселесі күн тәртібіне шығып, кибершабуыл маңыздылығы да артып келеді.

Кибершабуылдардың басты мақсаты – хакерлердің жеке мақсаттары үшін ақпаратты одан әрі пайдалану үшін пайдаланушының құпия ақпаратын алу, әрі бүкіл бизнес-процестің жұмысын бұзу болуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік департаменттер мен ірі жеке ұйымдардың жағдайында, интернеттің тиімді және қауіпсіз болуы – басты міндеттердің бірі. Елімізде 2018 жылдан бастап мемлекеттік

органдардың ақпараттық ресурстарын және республиканың аса маңызды ақпараттық инфрақұрылымын кибершабуылдар мен киберқауіптерден қорғауды қамтамасыз ететін Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы жұмыс жасайды. Аталмыш орталық жобасы 2020 жылы – 70 мыңнан астам, 2021 жылы – 120 мың, сондай-ақ тек 2022 жылы шамамен 28 млн шабуылды тойтаруға мүмкіндік берген.

Цифрлық кезеңде, жеке деректеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жеке тұлғаның цифрлы сауаттылық деңгейінің артуы өте маңызды. Жалған ақпараттың таралуы кибершабуылдың маңызды құралына айналғандығын жете ұғынуымыз қажет. Әрбір ақпараттың шынайылығын жауапты ведомство сайттарынан анықтап барып қана нақты шешімге келу – уақыт талабы. Жеке цифрлық қауіпсіздігіміздің алғашқы қадамы – интернет көздерінде жеке деректерімізді ашық дереккөздерде жарияламаудан басталуы қажет. Бірегей құпия сөздерді қолданып, екі факторлы аутентификацияны қосу және күдікті сілтемелерден сақ болу маңызды. Аталмыш қадамдар цифрлық әлемде жеке қауіпсіздігіміздің негізін құрайды.

КИБЕРШАБУЫЛДАР ҚҰРЫЛЫМЫ

ТҮРІ	2021	2022	2023
Компьютерлік вирустардың шабуылы	51.7%	–	–
Зиянды спам	32.1%	16.5%	13.4%
Әлеуметтік желі аккаунттарын бұзу	23.0%	55.0%	41.6%

(Дереккөз: Мемлекеттік техникалық қызмет, <https://sts.kz/kz>).

БІЛІМ

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ

әлеуметтік және экономикалық дамудың қуатты құралы

Ғылым және жоғары білім министрлігі 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру гранттарын бөлу тізімін жариялады. Биыл жоғары оқу орындарында оқу үшін бөлінген грант саны өткен жылмен салыстырғанда, 88 000-нан 112 000-ға артқан. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, өткен жылы еліміз бойынша 172 мың түлек 11-сыныпты бітірсе, биыл елімізде 186 мыңнан астам түлек 11-сыныпты, 341 мыңнан астам түлек 9-сыныпты бітіруде. Жыл сайын түлектер саны артып келеді. Мемлекет тарапынан бөлінетін грантқа бәсекелестік артып, әрбір жастың сапалы білім алуына жағдай жасау – әрқашан мемлекеттік саясаттың басым бағыты болмақ. Мақаламызда еліміздегі мемлекеттік білім беру гранттарының механизмі мен болашағын талдап көрелік.

• Биыл жоғары оқу орындарында оқу үшін 112 мың грант бөлінді.

• Мемлекеттік білім гранттарының басым бөлігі, «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына – 19 344, «Педагогикалық ғылымдарға» – 13 735, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 8288 грант бөлінді. Бұл ғылым салаларына гранттардың басым бөлігінің бөлінуі елімізде техникалық-инженерлік, педагогикалық және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар тапшылығымен байланысты.

• Жиыны, бакалавриатқа түсу үшін 2024-2025 оқу жылында – 79 мыңға жуық грант, магистратураға түсуге – 13 мыңға жуық, докторантураға түсуге – 1900-ден астам грант бөлінген.

Қазақстан әлемде мектеп түлектері үшін мемлекеттік оқу гранттарын бөлу бойынша алдыңғы қатарда. Биылғы мектеп бітіруші түлектердің 60%-дан астамы мемлекеттік грантпен қамтылған, сәйкесінше бәсекелестік жыл сайын артуда. Мемлекеттік білім беру гранттары әлеуметтік және экономикалық

дамудың маңызды құралы. Кәсіби білімді мемлекеттік грант негізінде алу арқылы талантты оқушылардың кәсіби маман болып қалыптасуына даңғыл жол салынады. Стратегиялық тұрғыда ұлттық адам капиталының қалыптасуына негіз болып, бәсекеге қабілетті әлеуметтік орта қалыптастырады. Сонымен қатар, елімізде мемлекет тарапынан жыл сайын кәсіби білім алуға бөлінетін гранттар ұзақ мерзімде әлеуметтік теңсіздікті азайтып, аймақтардың дамуын теңестіреді және жастар үшін «әлеуметтік лифт» қызметін атқарады. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, бүгінде елімізде жастар саны (15–34 жас) 5 миллион 367 мың, халықтың 27%-ын құрайды. Әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, жастардың үлесі ендігі кезекте тек арта бермек. Бұл процесс еліміздегі 2005–2012 жылғы демографиялық дүмпу процесімен тікелей байланысты. Сәйкесінше, алдағы жылдары мемлекет тарапынан кәсіби жоғары білім алуға бөлінетін грантқа бәсеке артпақ.

Білім алудың балама жолы бар

Биылдан бастап алғаш рет ішінара оқу ақысы бар сараланған гранттар енгізілді. Сараланған гранттардың ерекшелігі жеңілдікке негізделген білім алудың балама жолы. Сараланған грант

бағытына биыл «Педагогикалық ғылымдар» және «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» білім беру бағдарламалар тобы бойынша 150 сараланған гранттан бөлінді. Аталмыш грант формасы алдағы жылдары артатын болады.

Елімізде жастардың басым бөлігі мегаполистерде шоғырланған. Мысалы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында халықтың 24%-ы тұрғанымен, барлық жастардың 27%-дан астамы аталмыш қалаларда тұрады. Сәйкесінше, солтүстік облыстарда (Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары) жастардың үлесі аз. Аталмыш демографиялық теңсіздікті жою үшін елімізде «Серпін» жобасы сәтті жүзеге асуда. Биылғы мемлекеттік грант бөлу негізінің келесі бір ерекшелігі, «Серпін» бағдарламасы аясында білім алған мамандарға оқу бітірген соң грант өтеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға қысқартылып, өтеу орны 11 аймаққа ұлғайтылуы болды. Ендігі кезекте «Серпін» бағдарламасы аясында білім алған жастар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде белгіленген аймақта қызмет атқарып, білім грантын толық өтей алады.

Жалпы «Серпін-2050» бағдарламасының негізгі мақсаты – халқы тығыз орналасқан Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы облыстарынан үміткерлерді кадр жетіспеушілігі байқалған солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыру. Яғни бұл – оңтүстік мектеп түлектеріне Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарындағы беделді мемлекеттік университеттерде білім алуға жағдай жасау бағдарламасы. Соңғы бес жылдың өзінде жүздеген азаматтар халық сирек орналасқан, кадр тапшылығы бар аймақтарда қызмет етуде.

Биылғы Ұлттық бірыңғай тест 16 мамыр мен 5 шілде аралығында өтеді. Түлектеріміздің кәсіби маман болып қалыптасуындағы алғашқы қадамына сәттілік тілейміз.

Бетгі әзірлеген
Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





КҮН САНЫ

3 820 703

ОҚУШЫ 2023-2024
ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз орталығы хабарлағандай, биыл шамамен 3,9 млн қазақстандық оқушы 2023-2024 оқу жылын тәмамдайды, оның ішінде 186 мың түлек мектеппен қоштасады. Биыл ұзақтығы 34 апта болған оқу жылы 25 мамырда аяқталады.

ЛОГИСТИКА

АЛМАТЫДА ЖАҢА
НЫСАН АШЫЛАДЫ

Жоғары технологиялық қойма
Еуразия кеңістігінде
негізгі транзит торабына айналады

«Қазпошта» мекемесі Алматыда ауданы шамамен 40 мың шаршы метр болатын «А» санатындағы жоғары технологиялық қойма салуға ниетті. Бұл туралы Мемлекет басшысының қабылдауында «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасова мәлімдеді.

Президентке «Қазпошта» акционерлік қоғамының былтыр атқарған қызметінің нәтижесі және компанияның қазіргі қаржылық жағдайы жөнінде мәлімет берілді. Отандық компанияның ел аумағындағы инфрақұрылымы мен бөлімшелер желісінің қазіргі жай-күйі таныстырылды.

– «Қазпошта» Алматыда ауданы шамамен 40 мың шаршы метр болатын «А» санатындағы жоғары технологиялық қойма салуға ниетті. Нысан Еуразия кеңістігінде негізгі транзит торабына айналуға тиіс әрі Қытайдан ЕуроОдақ, Еуразиялық экономикалық одақ және Орталық Азия бағыттары бойынша Қазақстанның жүк өткізу әлеуетін арттыруға ықпал етеді, – деді Әсел Жанасова.

ИННОВАЦИЯ

ОҚУЛЫҚТАР ЖҮЗ ПАЙЫЗ
ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

Қазақстанда оқулықтар 100% цифрландырылды. Бүгінгі таңда мектеп оқулықтарын цифрлық форматқа көшіру процесі жүз пайызға орындалды. Барлық оқу материалдары мемлекеттік сараптамадан сәтті өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енгізілді.

Цифрлық оқулықтар елдің 13 баспасы ұсынған 11 платформуға әзірленуде. Сонымен қатар, робототехника, STEM, химия, физика және биология бойынша 1345 заманауи кабинет ашу жұмыстары жалғасуда. Биылғы жылдың соңына дейін еліміздің 20 өңіріндегі 1072 мектеп заманауи кабинеттермен жабдықталатын болады. «Оқытудың инновациялық әдістерін енгізу үшін педагогтарға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Мұғалімдер онлайн-ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын арттыра отырып, сабақтарда цифрлық технологияларды, онлайн-коммуникацияларды белсенді пайдаланады», – деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім сапасын қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Майра Мелдебекова.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»
(Дереккөздер: akorda.kz).

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС

ТАЛАП – БАРШАҒА ОРТАҚ

Қала құрылысын бақылау басқармасы мамандарының хабарлауынша, Алматыда тағы бір заңсыз салынған ірі құрылыс нысаны сот шешімімен бұзылды.

Қыз Жібек көшесі, 25 мекенжайындағы таулы жерде заңсыз бой көтерген құрылысты сүру басталды. Ауданы

шамамен 544 шаршы метр болатын объектіні меншік иесі (жеке тұлға) рұқсат беру құжаттамасынсыз, авторлық және техникалық қадағалауларсыз шаруашылық тәсілмен тұрғызған.

Басқарма меншік иесіне қатысты жоспардан тыс тексеру нәтижелеріне сай ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабы 1-бөлігі, 321, 322-бөлігі 1, 463-бөлігі 1-бөлігі бойынша шаралар қабылдады, сондай-ақ жол берілген бұзушылықтарды жоймағаны үшін нұсқама берілді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МЕДЕУ-ШЫМБҰЛАҚ

аспалы жолы уақытша жабылды

Қысқы маусымның аяқталуына байланысты «Шымбұлақ» ТК ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жазғы маусымның ашылуына дайындалу үшін аспалы жолдарды уақытша жауып жатыр.

«Медеу-Шымбұлақ» аспалы жолы 2 маусымға дейін жабық болады. Ал «Комби-1» және «Комби-2» аспалы жолдары 31 мамырға дейін жабық. Бұл ретте ККД-4 аспалы жолы

ТУРИЗМ

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

Биыл 15 мамырда Достық даңғылы мен Оспанов көшесінің қиылысында (Тереңқұрдың соңғы нүктесі) туристер үшін жаңа ақпараттық орталық ашылды. Орталық таңертеңгі 10.00-ден кешкі 20.00-ге дейін демалыссыз жұмыс істейді.

Бұл Алматыдағы 9-шы жаңа туристік ақпараттық орталық болмақ. Визит нүктенің ерекшелігі, граффити элементтерін қолданатын заманауи дизайнмен безендірілген. Ақпараттық

едеттегідей жұмыс істейді. 2024 жылдың 19 мамыры мен 24 мамыры аралығында Медеу-Шымбұлақ жартылай жолының жүктартқыш арқанын қысқарту жұмыстары жүргізіледі. Демек, құрылыс жұмыстарына байланысты қозғалысқа шектеу қоюы мүмкін.

Шымбұлаққа шығу үшін студенттер жолымен жүруге болады. Айта кетейік, аталмыш жұмыстар алдағы жазғы маусымда аспалы жолдардың қауіпсіз және үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Жұмыс кестесіндегі өзгерістер мен аспалы жолдардың жұмысын қалпына келтіру күні қосымша хабарланады.

ЗООБАҚ

АЛМАТЫ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ

жазғы мектепке өтінім қабылдауды бастады

Оқу маусымының аяқталуына санаулы күндер қалды. Жазғы демалыс кезінде олар үшін уақытты тиімді өткізудің маңызы зор.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Балаларға арналған жазғы демалысты ұйымдастыру аясында Алматы хайуанаттар бағында жазғы Зоомектеп ашылады. Жас табиғат зерттеушілер үйірмесіне 9 жастан 16 жасқа дейінгі балалар қатыса алады.

Зоомектепке түсу үшін балаға «Неліктен мен Зоомектепте оқығым келеді?» тақырыбында эссе жазып, оны Алматы хайуанаттар бағының almaty.zoo.lector@mail.ru электрондық поштасына 22 мамырға дейін жіберу қажет. Ілеспе хатта баланың тегі, аты және жасы, сондай-ақ ата-анасының аты-жөні және байланыс телефоны көрсеті-

луі керек. Кіріспе сұхбаттан өткеннен кейін бала маусым айында басталатын және аптасына екі рет екі сағаттан: дүйсенбі/жұма немесе сейсенбі/бейсенбіден басталатын сабақтарға жіберіледі.

Зоомектептегі сабақтардың ерекшелігі жануарлар дүниесін тереңірек зерттеу және Алматы хайуанаттар бағындағы жануарлармен жұмыс істеуде. Үйірменің жеткіншектер қағаз сақтауға тиіс өз ережесі бар.

Негізгі сабақтардан басқа, негізгі сабақтарға тәуелді емес қосымша сабақтар – факультативтер бар. Биылғы «Фантастикалық мақұлықтар және олардың мекендейтін жерлері» атты факультатив тақырыптық мереке аясында өткізіледі.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ



МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Әуезов ауданында Мансап күні өтті

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Әуезов ауданында «Career Day» бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға қаладағы ІТ, қаржы, білім беру және т.б. әртүрлі саладағы 50-ден астам жетекші компания қатысып, бос жұмыс орындарын ұсынды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жастарды жұмыспен қамту үшін қалалық «Мансап» орталығы ашылып, қажетті мамандықтар бойынша қысқамерзімді курстар басталды.

«Career Day» – үздік компаниялар қабілетті жастар үшін мүмкіндік ұсынатын алаң. Қатысушылар арасында ірі корпорациялар да, перспективалы старттаптар да болды. Жәрмеңке қаланың 8 ауданында өтеді. Медеу, Алмалы, Бостандық, Әуезов аудандарында өтті. Алдағы күндері қалған төрт ауданда өтетін болады.

Әуезов ауданындағы «Арыстан» базары жәрмеңке өткізу үшін бекерден-бекер таңдалған жоқ. Себебі, NEET категориясындағы жастардың көбі осы аумақта шоғырланғаны туралы статистикалық ақпарат бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Маржан ӨТЕГЕНОВА,
Алматы қаласы «Мансап» орталығының жұмыспен қамту бөлімінің менеджері:

– Біздің орталық екі мақсатта жұмыс істейді. Бірінші, жастарды жұмысқа орналастыру және олар үшін тегін курстар ұйымдастыру.

Әр ауданда өткізу біріншіден, уақытты үнемдейді. Әр компанияға барып түйіндеме өткізу, жұмыс берушімен сұхбаттасу біраз уақытты алады. Қазір студенттерде сессия кезі, бітіруші түлектердің дипломдық жұмысы бар. Бірақ сонда да біраз студент келді. Өзіне лайық жұмыс тапты деген сенімдемеміз. Мұндай жәрмеңкелерді орталықта, сауда орталықтарында емес, базарлар мен халық көп жүретін жерде ұйымдастыру ұтымды.

Бытырғы жәрмеңкеден кейін 3 мың жас тұрақты жұмыс тапты, 1,5 мыңы сынақ мерзімінде.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

«ӘКЕШІМ – АҚЫЛМАН
КЕМЕҢГЕРІМ...»

(Сурет: Astarussia.ru)

Қазіргі қоғам құндылықтардың алмасқан кезеңі. Дәстүрлі жол бойынша ата-ананың рөлі өз қалпында болуы керек еді. Алайда, нарықтық санаға байланысты бәрі өзгеріп тұр. Ең бастысы – алтынымызды арзандатып, құнсызды қымбаттатып алмасқ иті.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Адамзат жаратылғалы бері әкенің рөлі түгелсіз емес. Ол – отбасын асырап бағушы, Отан-ананың қорғаны. Ер бар жерде ерлік бар. Бұл сонау ықпал заманнан бері дәлелденген қағида. Жаугершілік кезеңде ел-жұртқа сүйеу, елдікке тіреу болып ерлердің ерлігі көрінген. Нағыз батыр, дүлдүл ақын, суырыпсалма айтыскер, он саусағынан өнер тамған шебер, мемлекет және қоғам қайраткері біздің азаматтарымыз болатын.

Қазақтың ұғым-түсінігінде әкелер қан майданда оқ пен оттың ортасында жүрді. Талай шаңырақ азаматынан да айырылды. Сонда үйіндегі атұстары отбасына еге болды. Ел арасындағы «жесірін жылатпай, жетімін қаңғыртпаған» дейтін аталы сөз тегіннен-тегін айтылмаған. Дәп осындай қағидамен ғұмыр кешкен дала заңы ғасырлар бойы салтанат құрып тұрды. Әйгілі хандар, ұлы көшбасшылар, баһадүр бабаларымыз ата салтын

сақтай отырып дүниеге келді. Әлемде билік құрды. Ғылым мен технологияның, медицинаның қарыштап дамуына үлес қосты. Міне, бұл біздің патриархалды қоғам еді. Осының нәтижесінде көптеген жеңісті һәм жемісті сәттер көп-тұғын.

ЕР-АЗАМАТ

«Азамат екенсің», «азамат атандың», «азамат жігітсің» деген сөздер көп айтылады. Мұның астары кәдуілгі ер-азамат деген атқа лайық болып, бір сөзді бол дегенді білдіреді.



Олжас ОМАРОВ, жаттықтырушы, бодибилдер:

НАҒЫЗ ЕРКЕК БОЛУ КЕРЕК

Біз спорт залда қызмет етеміз. Көбісі дене бітімінің қалыпты әрі сымбатты болғанын қалайды. Әсіресе, жас буын өкілдері көп келеді. Бәрінің арманы – бұлшық еті шыққан, күші мығым, әрі көз тойтындай жігіт болғысы келеді. Алайда, 1–3 ай аралығында қатысады. Денесін жаттықтырады. Бірақ табандылық танытып кемінде 1-2 жыл жаттыға қоймайды. Содан соң әлсіреп жүреді.

Негізі, шетелдің киноларындағыдай сымбатты дене мүсінін шығаруға болады. Егер аянбай еңбек етсеңіз бәрі жүзеге асады. Маған кейбір әкелер өз ұлдарын әкеледі. Көбіне көп 14-15 жастағы бозбалалар келеді. Баршасы «құлым әлсіз, епсіз, нағыз ер-азамат етпекпін» деп базынасын айтады. Әрине, ниет дұрыс. Дегенмен, әуелгі құлшыныс баланың өзінде болсын. Сонда ғана нағыз еркектік дене қалыптасады. Бір байқағаным, спортпен шұғылданып, турник, бруссымен айналысқандар нәзік бола қоймайды. Қанша дегенмен, физикалық күш-қуат әрқашан маңызды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Смағұл ЕЛУБАЙ, Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы:

ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Қазіргі қазақ қоғамында, әсіресе, жас буынның отауларында еліміздің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан отбасы институтындағы салт-дәстүрі сақталмайтын болды. Соның салдарынан түрлі оқиғалар шығып жатыр. Көптеген шаңырақтар қирауда. Әрбір үштен бір отау түгелсіледі. Осы бір келеңсіздіктердің болуына бір себеп – әйел әйелдің орнын, еркек еркектің рөлін білмегендіктен келеңсіздіктер туындайды.

Кейінгі кездері әйелдің рөлін көбірек айтамыз, ол – дұрыс. Әсіресе, ер адамдарды ер-азамат жасайтын солар. Ерлерге деген сенім болса, олар тау қопарып, тас жарады. Ал басқа төпелеп отырса, езіліп қалады. Отбасындағы еркектік рөлінен айырылып қалады. Шаңырақтың шайқалмай тұруында ердің де, әйелдің де рөлі үлкен. Екеуі де өзінің орнын білуі керек деп ойлаймын. Сол орынды осы заманда ауыстырып алдық па деп қорқамын. Осыдан келіп келеңсіздіктер шығады.

Ер-азамат әрқашан елге беделді, отбасының тұтқасы бола білсе, көп дүние жақсы жағына қарай өзгереді.

ТҮЙІН:

XXI ғасырда ер адамның қадір-қасиетін алға шығарып, әспеттеу қажет. Әйтпесе, майысқан, сызылғандар көбейетін түрі бар. Еркек өз күшін отбасын асырауға, Отан қорғауға жұмсама, көп мәселе өздігінен шешіледі. Ер деген намысты, қуатты, білімді, білгір болса екен. Махамбет ақын «Ерлердің ісі бітер ме...» деп тегін айтпаса керек-ті. Қазақтың жігіттері айбынды, отанышыл бола түссе дейміз!

ФЕСТИВАЛЬ

Алматы қаласында Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен «Асқар тауым – қамқоршым!» ұранымен «Әке мен бала» спорттық сайысы өткізілді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Фестивальдің басты мақсаты – дәстүрлі отбасылық құндылықтарды насихаттау, балаларды тәрбиелеудегі әкенің рөлін айшықтау. Қоғамда әке болудың маңызын көрсету.

Спорттық сайысты ұйымдастырушы Жәнібек Алпысбаевтың айтуынша, бұл шараның отбасы құндылықтары үшін маңызы жоғары.

– Бүгінгі өтіп жатқан іс-шараның негізгі мақсаты – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Көпшілігімізге белгілі, кейбір ата-аналар балаларының тәрбиесіне, өміріне уақыт таппай жатады. Ал басты нәрсе осындай жарыстар арқылы әкенің балаға қолдау көрсетіп, онымен бірге уақыт өткізуі болып табылады. Отан отбасыдан басталатынын түсінген көптеген әкелер өз балаларымен белсене қатысуда. Жалпы, жарысқа 26 отбасы қатысып

«ӘКЕ МЕН БАЛА»
спорттық сайысы өтті

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

отыр. Осымен бұл жарысты 2 жыл қатарынан ұйымдастырып отырмыз, – деді Ж.Алпысбаев.

Сайысқа сынып оқушылары әкелерімен бірге қатысты. «Асқар тауым – қамқоршым!» атты «Әке мен бала» спорттық сайысы өскелең ұрпаққа салауатты өмір

салтын насихаттап, әкелерге балаларына үлгі көрсетуге мүмкіндік берді.

Сайыс қатысушылары эстафета, асық ату, гир көтеру, шеңберге доп лақтыру, ләңгі тебу, мергендік сияқты спорт түрлерінен бақтарын сынады. Шын мықтыны анықтау оңайға түспеді. Әр топ бірінен-

бірі өткен мықты болды.

Әке мен балалардың арасындағы жарысқа төрешілік еткен Берік Сейтабызов сайыстың қызықты, әрі тартысты өткенін алға тартып отыр.

– Меніңше, жарысқа қатысушылар өте белсенді болды. Бірінен-бірі өткен мықты командалар жиналған екен. Балалар әкелеріне, ал әкелер балаларына қолдау көрсетіп, бірігіп жеңіске ұмтылды. Шын мықтыны анықтау қиын болғаны рас. Бұндай спорттық шаралардың көп ұйымдастырылғаны маңызды. Баланың салауатты өмір салтын ұстанып, әкелерінен үлгі алары анық. «Әке көрген оқ жонар» деп қазақ атам бекер айтпаса керек. Болашақта дендері сау, саналы ұрпақтың өсуі осындай шаралардан басталары анық, – деді Б.Сейтабызов.

Қатысушылар да ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Балаларымен бірге сайысқа түскен әкелер жылда қатысуға дайын екенін айта кетті.

– Әр адамның өмірінде баланың орны ерекше. Спорттық сайысқа ұлыммен қатыстым. Салауатты өмір салтын ұстанғанын қалаймын. Сондықтан үлгі көрсетіп, жарысқа келіп отырмын. Жалпы, мұндай жарыстар баланы тәртіптілікке, шымырлыққа үйретеді және спортқа деген көзқарасын жақсартады. Жарысты ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, – деді қатысушы Ерлан Базарханұлы.

Қатысушылар ақшалай және басқа да сыйлықтармен марапатталды.



БРЕНД-ЖОБА

Еліміздегі сән индустриясын әлемдік деңгейге шығарған Kazakhstan Fashion Week жобасы уақыт өткен сайын қарқынды дамып келеді.

Күралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Жақында Алматыда шығармашыл жастардың басын қосып, олардың фешн индустрия әлеміндегі қолтаңбаларын паш етуге бағытталған Kazakhstan Fashion Week (KFW) ұлттық сән апталығының кезекті 34-маусымы өтті. Сәнгерлер салтанатына отандық және шетелдік дизайнерлер өздерінің 30-ға жуық брендін ұсынды. Ал керемет кешті сән әлемінің серкелерімен қатар, шетелдік қонақтар, кәсіпкерлер, шоу-бизнес өкілдері, блогерлер мен талғампаз көрермендер тамашалады.

Апталықтың шымылдығы есімі Қазақстанда ғана емес, шетелдерге де кеңінен танымал, табысты дизайнер Аида Кауменованың топтамасымен ашылды. Бірнеше жылдан бері өзінің жеке маркасында (Aida KaumeNOVA)

СӘН

ӘЛЕМІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ

Алматылық жас дизайнерлер Қырғызстанда өтетін сән апталығына қатысады

брендті киімдер шығаратын отандық сәнгердің бұл жолғы коллекциясындағы түсі қанық реңктер мен табиғи матаның мінсіз үйлесімі көпшілікке ерекше шабыт сыйлады. Оның әр топтамасынан ұлттың салт-дәстүрін құрметтейтін және өзінің ерекше стилін сақтай отырып, заманауи табысты әйелдің даралығын көрсететін бейнелерді көрдік.

Жаңа дизайнерлік топтамалардың фэшн-көрсетілімін одан кейін Иссенкель және Велла Ахтимер, Алексей Чжен, Адиля Ботабаева, Леонид Жеребцов сынды бренд иелері мен жас дизайнерлердің киім үлгілері жалғастырды. Жылына екі мәрте, яғни көктем-жаз, күз-қыс коллекцияларын ұсынатын жоба биыл да жастар шығармашылығына басымдық берілді.

Апталықтың алғашқы күнінен ерекше көзге түсіп, көрермен көзайымына айналған жас дизайнерлердің қатарында алматылық НҮСП Тогжан Мұратқызы да бар.

Тогжан НҮСП – New Generation Open Way 2023 байқауында 300-ге жуық киім эскиздері мен өтініштерін ұсынған үміткердің арасынан 22 финалистің тізіміне енген жеңімпаздың бірі. Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы Ұлттық академияның «Театр және кино сахналық костюмі» мамандығының бітіруші студенті, Сәндік қолданбалы өнер

саласының текстиль суретшісі. Өткен жылы «Matai» брендімен көпшілікке танылған Тогжан биыл сәнсүйер қауымның назарына этникалық стильдегі KIVAZ брендімен BAYAN топтамасын ұсынып отыр.

Ұлттық нақыштың сән әлемінде бірнеше бағыттары бар екеніне ерекше көңіл бөлген жас сәнгердің BAYAN коллекциясы көшпенділердің дәстүрлі мәдениетін бейнелейді. Киім үлгілерінде өзіндік стиль, идеялар мен өткір философиялық мән жатқан талантты бойжеткеннің туындыларында қазақтың ою-өрнектері мен әшекейлері өте әдемі үйлестірілген. Дәстүрлі элементтерді де заманауи трендтермен байланыстырып шебер қолдана білген.

Жетістікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздықпен қоса білім қажет деген жас дизайнер сән әлеміне басқан қадамы жайында былай дейді:

– KFW ұлттық сән апталығының биылғы маусымында KIVAZ брендімен Bayan деп аталатын алғашқы, дебюттік топтамды ұсындым. Бұл – менің сән әлеміне дизайнер ретінде аттаған алғашқы қадамым десем де болады. KIVAZ – сақ тілінен аударғанда «қорғаныс», «күш», «батылдық» және «төзімділік» секілді бірнеше мағынаны білдіреді, – дейді ол.

Тогжанның туындыларында ұлттық бояу бар. Ол қазіргі жастардың этностильге қызығушылығы артып келе жатқанын ескеріп, туындыларының барлығын сұранысқа бейімдеп әзірлегенін айтады.

– Киім үлгілерімнің дизайны жастардың талғамына сай болуы үшін оған қазақ халқының ғасырлар талғамынан өткен таңбалы өрнектерін, байырғы заманнан бастау алатын сәндік қолданбалы өнерді – кестелеу, батик, дымкыл және құрғақ киіз басу, сырып тігу, құрақ құрау техникаларын пайдаландым. Әрбір образда маталар фактурасы, түстер жиынтығы мен силуэттің сан алуандығын ойната отырып, ежелгі көшпенді халықтың рухани негізі мен тұрмыс тіршілігін көрсетуге тырыстым. Арманым – алдыңғы толқын аға-апаларымыз секілді әдемілік әлемінде қолтаңбамды қалдырып, өз брендімді қалыптастыру, – дейді Тогжан.

Иә, сәнгер жұмысының басты мақсаты – ерекше образ жасау арқылы адамның стилінің даралығын айқын көрсету. Бұл ретте Тогжанның алға қойған жоспары да көп. Ал оларды жүзеге асыру үшін табандылық пен шеберліктің қажет екені сөзсіз. Мәселен, Тогжан биылғы топтамаларының эскиздерін 2023 жылдың күз айында бастаған. Жалпы дайындық пен тігу жұмыстарына үш айға жуық уақыт жұмсапты.



Еңбегінің нәтижесі сол, жақында Тогжан Нүсіптің KIVAZ бренді мен Ая Нүркенованың Na MI Lab бренді Kazakhstan Fashion Week сән апталығы ұйымдастырушыларының қолдауымен Қырғызстанның Бішкек қаласында өтетін Dordoi Plaza Fashion Show 2024 сән апталығына Қазақстан атынан қатысады. Жастар үшін бұл үлкен жетістік! Біз жас дизайнерлерге сән әлеміндегі жұлдызды сәттері көп болсын деп тілек айтамыз!

ӘУЕН-САЗ

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

Алматыда Түркиядан келген әртістің қатысуымен флейталық музыкадан концерт өтті



Досбол АТАЖАН

Концерт басталмай тұрып Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мюдеррисоглу құттықтау сөз сөйледі.

– Мен осындай тамаша музыка мектебіне келгеніме өте қуаныштымын. Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи бауырластық көптеген салаларда дамып жатыр. Бүгінгі концерт екі ел арасындағы қарым-қатынасқа оң әсер етеді деп сенемін. Түркітілдес елдердің ынтымақтастығы көптеген салаларда, соның ішінде мәдениет пен өнерде де қарқынды дамып келеді. Анталия қаласының мемлекеттік филармониясының солисті, белгілі флейташы Лея Байрамоғұлларын тыңдауға келгендердің барлығына алғыс айтамыз. Жәния Әубәкіроваға қонақжайлылығы үшін алғыс айтқым келеді, – деді Түр-

кияның Алматыдағы Бас консулы. Ал Жәния Әубәкірова флейта мен пианино сынды музыкалық аспаптардан шашу шашылған ән-саз кеші күзде тағы да өтетінін айтты.

– Елшілік өкілдеріне шығармашылық жобамызды қолдағаны үшін алғыс айтамын. Шығармашылықта бәрі өте қарапайым – музыканттар кездесіп, композицияларды бірге орындауға келесі. Алайда, халықаралық шекараны өңсеру үшін бізге мемлекет пен елшілік өкілдері, демеушілер көмектеседі. Лея Байрамоғұллары өте үлкен әлеуметтік жұмыс жүргізіп келеді. Ол өлемнің түкпір-түкпіріндегі тыңдармандарды музыкамен таныстыру үшін әлемдегі әртүрлі халықтармен кездесіп, өз өнерін паш етіп жүр. Бұл музыканы шын сүйетін жүрегі үлкен музыканттарға тән қасиет. Бүгінгі концерт күзде Шуберт пен басқа композиторлардың бағдарламасымен қайта өткізілетінін атап өткім келеді, – деді Жәния Әубәкірова.



Жамбыл филармониясында өткен ән-әуен кешіне ҚР Халық әртісі Жәния Әубәкірова, Түркия әртісі Лея Байрамоғұллары және өзге де өнер майталмандары қатысты.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

ЕКІ КӨЗІҢ – ШЫРАҒЫҢ

Зағип жандар ұлттық мерекені көтеріңкі көңіл күймен өткізді

Талғардың тарғыл тастарымен көмкерілген биік таудың басындағы «Спутник» шипажайында еліміздің сан тарабынан келген зағип жандар Наурыз мейрамын көтеріңкі көңіл күймен өткізді.

Айнабай
МӘДИ



байланысты болды. Сонда да болса, мұндай мүмкіндікке жетуіміз – сіздердің ынтымақты бірлікке бастау болған тату-тәтті тірліктеріңіздің арқасы», – деп құттықтады «Қазақ зағиптар қоғамы» орталығы басқармасының төрағасы Алмат Сәбитжанұлы.

Еліміздің 19 аймағынан келген аталған қоғам өкілдері ортақ Отанымызда мекендейтін сан алуан ұлыстың салт-дәстүрі мен тұрмысын әспеттейтін дағдысын көрсетіп, әнін салды, биін биледі. Бұл-дағы достық пен ынтымақтың айшығындай.

*Ендеше, халайық, тұрмайық,
Әндетейік, жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылга,
Жырдан шашу шашайық!*

Осылай басталған Ұлыс күніне арналған мереке одан әрмен елімізде мекендейтін

ұлыстардың тұрмыс-салты, дәстүрінен көріністерге ұласты.

*Алматы – бас қалам,
Астана – жас қалам.
Жарқырап, жайнай бер,
Егіздей қос қалам!*

Осыдан соң астаналық зағиптар қоғамының өкілдері өз өнерін көрсетті.

*Ұзатылар қыздайын үлгідеген,
Шақырасың назыңмен, күлкіменен...*

*Алматым сен – жүрегі Алаудың!
Тау ұйқыға кеткенде бүлкілдеген,* – деп акын ақын Мұқағали жырлағандай, әсем Алматының өнерпаздары ортаға шықты. Алматылықтар түрік ұлысының салт-дәстүрін, әнін шырқап, биін биледі. Түрік тіліндегі әнді «Армандастар» вокалды-аспаптық ансамблінің жетекшісі Батима Полищук орындады. «Мынадай ынтымақпен

ұйымдастырылған мерекені бұрын-соңды көрген жоқпыз» дейді ағынан жарылған алматылық Б.Полищук.

*Қайнаған қалың байлық Қарағанды,
Маңына жинап отыр миллион жанды.
Байқасаң, қара алтынды кенің көріп,
Маңызы табысының өте мәнді.*

«Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының өнерпаздары ортаға шығып, Ауған халқының әнін салып, күйін шертіп, салт-дәстүрін көрсетті. Тау етегіндегі көрікті жерде жасыл кілем жайылғандай. Қазақтың дархан дала-сынан орын алған ұлт пен ұлыс өкілдерінің салт-дәстүрін дәріптеген мерекелі күнгі шарада ұлттық тағамға толы дастарханнан дәм татылды, би биленіп, ұлттық спорт түрлерінен (арқан тарту, қол күресі, кір тасын көтеру, қой көтеру, т.б.) сайыс өткізілді.

ЖӘРДЕМАҚЫ

Елімізде мемлекеттің, жұмыс берушінің және азаматтың қатысуымен, яғни үш тараппен қамтамасыз етілген халықты әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесі қалыптасқан. Нарықтық экономика жағдайында рөлі басым болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жұмыс істейтін халық үшін Қазақстан Республикасында 2005 жылдан бастап енгізілген. Ол халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің екінші (қосымша) деңгейі.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ

жүйесінің артықшылықтары туралы не білеміз?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі 25-ші күнінен кешіктірмей жүргізу қажет. Әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық төленуін бақылау салық органдарына жүктелген.

Мемлекет міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар алдындағы әлеуметтік міндеттемелердің тұрақты орындалуына кепілдік береді. Өз кезегінде, төлеушілердің әлеуметтік аударымдарды толық және уақытылы төлеуі жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдардың төленген сомасына, сондай-ақ оларды төлеу

уақытына тікелей байланысты. Дәл осындай қағидаттар бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыс істейді.

Қордың мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процесі ашық, өйткені төлемдерді тағайындау үшін қалыптастырылған электрондық іс макеті қорға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан немесе электрондық форматта келіп түседі. Осылайша әлеуметтік аударымдардың түскен сомалары туралы ақпарат алуға және әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі жөнінде түсініктеме алуға жүгінетін жағдайларды қоспағанда, қор қызметкерлерінің халықпен тікелей байланысы барынша азайтылған.

Әлеуметтік аударымдардың төленген сомалары туралы ақпарат алуға жұмыс істейтін халықтың қолжетімділігі маңызды. Қазіргі уақытта eGov.kz электрондық үкімет порталы, онлайн-режимде банктердің мобилді қосымшалары арқылы, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) және қор филиалдары арқылы әлеуметтік аударымдардың түсуі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Тұтастай алғанда, жұмыс істейтін азаматтар базалық мемлекеттік жәрдемақылармен қатар қордан әлеуметтік төлемдерді ала отырып, жұмыс істемейтіндерге қарағанда артықшылыққа ие болады. Осыған байланысты еңбек шарттарының болуы жұмыскерлерге тек еңбек қана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде әлеуметтік кепілдіктер де береді.

Жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыра және халықты жұмыспен қамту үшін ынталандыра отырып, бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының маңызды және қажетті элементіне айналып отыр.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ОРТОПЕДИЯДАҒЫ
ЖАҢАЛЫҚ

Қазақстан мен Қытай дәрігерлері Алматыда жасанды интеллекті қолдану мәселесін талқылады

Қытайдың Шыңжаң медициналық университетінің 6-ауруханасы мен Цзилинь университетінің 2-ауруханасының ортопед-травматологтарынан құралған делегация тәжірибе алмасу мақсатында Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасында болды.

Екі ел арасында денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында ортопедия саласының мамандары панельдік сессиялар өткізді. Ғылыми талдау №4 қалалық клиникалық аурухана базасында өтті.

— 470 төсек-орынға есептелген аурухана Травматология және ортопедия аймақтық орталығын дамытуға бет бұрды. Орталық құрамына травматологиялық көмектің толық циклі бойынша 11 мамандандырылған құрылымдық бөлімше кіреді. Жасанды интеллектің медицинаға енгізілуі үлкен буынды ауыстыруда робот көмегімен жасалатын отаны жасау арқылы үлкен серпіліс болды. №4 қалалық клиникалық аурухана бұл тәжірибені Қазақстанда бірінші болып қолданды, — деп атап өтті аурухана директоры Біржан Досмайылов.

Отандық травматология үшін сүйек ақауын қалпына келтіру үшін 3D форматта басып шығарылған титан қорытпасынан жасалған имплантты зерттеу және клиникалық қолдану өзекті. Бұл Алматы мен Қытай травматологтары арасындағы академиялық ынтымақтастықты дамытудағы негізгі мәселенің біріне айналды.

№4 қалалық клиникалық аурухананың анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің базасында егде жастағы науқастарда жамбас сүйегін ауыстыру кезінде анестезияны басқару стратегиясы қарастырылды.

Диабеттік жараларды емдеу, сондай-ақ ахил сіңірінің жіті үзілуін хирургиялық емес физиотерапия және тері арқылы тігіс әдісімен емдеу тәжірибесі екі тарап үшін де қызықты болды. №4 қалалық клиникалық ауруханада бұл патологиямен ауыратын науқастар күрделі жарақат және сүйек-іріңді хирургия бөлімшелерінде емделді.

Алматылық дәрігерлердің туа біткен жамбас буынының дисплазиясын хирургиялық емдеу саласында тәжірибемен бөлісуге тұрарлық еңбегі бар. №4 қалалық клиникалық аурухананың эндопротездеу және ортопедиялық хирургия бөлімшелерінің дәрігерлері мұндай оталарды сәтті жасап жүр.

Алматы мен Қытай клиникаларының басшылығы академиялық және практикалық тәжірибе алмасу мақсатында ұзақмерзімді тұрақты қарым-қатынас орнатуға уағдаласты.

СӘТТИ ОТА

СТЕНТ-ГРАФТ

Алматылық хирургтар 67 жастағы науқасты аман алып қалды

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға 67 жастағы науқас келіп түсті. Барлық тексеруден кейін тұрғынға «ортаның кеуде қуысы тұсының жалған аневризмасы жарылуының бірінші дәрежесі» диагнозы қойылды. Оған 2015 жылы ортаның кеуде қуысы тұсының жалған аневризмасына ашық операция жасалғаны белгілі болды. Ал екінші қайтара ота жасау науқастың өміріне екі есе қауіп төндірген.

Сондықтан дәрігерлер консилиум құра отырып, ортаның кеуде қуысына гибриді араласу – стент-графт енгізу жөнінде шешім қабылдады. Отаның бұл түрі шап аймағына екі тесік жасау арқылы, рентгендік бақылау көмегімен қан тамырлары арқылы аневризмадан жоғары аортаға кіріп, оның зақымданған жеріне стент-графтты импланттауға мүмкіндік береді. Арнайы жүйеге салынған тамырлы протез жалған аневризма аймағына жеткізіліп, түзетіледі.

— Бұл әдіс ашық хирургиялық



техникамен салыстыруға болатын нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, тек асқыну аз, ауруханаға жатқызу және науқасты оңалту мерзімі екі есе қысқарады. Ота жергілікті анестезиямен жүргізіліп, бір сағаттан астам уақытқа созылып, сәтті өтті, — дейді Орталық қалалық клиникалық аурухананың қан тамырлары хирургы Сұлтан Илиев.

Дәрігердің айтуынша, қолқаның жалған аневризмасы – перифериялық тамырлар патологиясының ең ауыр түрі. Қолқа аневризмасы әртүрлі себептің (атеросклероз, қабыну, тұқым қуалаушылық,

жарақат) және қауіп факторларының (жас, темекі шегу, семіздік, артериялық гипертензия) әсерінен пайда болады, нәтижесінде қолқа кеңейіп, қабырғалары жұқарады.

Қолқа аневризмасының даму қаупі 60 жастан кейін күрт артады. Абдоминальды аорта аневризмасы бар адамдардың көбінде ешқандай белгі байқалмайды және іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуі немесе басқа көрсеткіш бойынша орындалатын компьютерлік не магнитті-резонанстық томография кезінде кездейсоқ анықталады.

Қуанышқа орай, 67 жастағы науқас аман қалды.

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚ

ТУБЕРКУЛЕЗ

«Тұқым қуалайды», «жазылмайды» деген пікірлер жаңсақ



2023 жылы 2,6 пайызға төмендеп, 100 мың халыққа шаққанда 22,1-ді құрады. Туберкулез салдарынан болатын өлім көрсеткіші 28,5 пайызға төмендеп, 100 мың халыққа шаққанда 1,0-ды құрады.

Туберкулез – ауа арқылы жұғатын кесел және онымен кез келген адам ауырып қалуы мүмкін. Алайда, былтырғы көрсеткіш туберкулезбен ауырғандардың 43 пайызының жұмыссыздар, 30 пайызы әртүрлі жанама аурулары бар (қант диабеті, иммун тапшылығы вирусымен өмір сүретіндер, маскүнемдер, нашақорлар) адамдар және 10 пайызы тұрғылықты тұрағы жоқ жандар («бомж-дар») екенін көрсетті.

Туберкулез туралы кең таралған қате пікірлердің бірі – «тұқым қуалайды». Бірақ туберкулез тұқым қуаламайды, ол ауа арқылы жұғады. Екінші қате пікір – «ауру жазылмайды». Туберкулез уақытылы анықталып, бақылаулы түрде емделсе, адам толығымен жазылады. Туберкулезді ерте анықтау үшін қаламызда барлық заманауи әдістер жолға қойылған, яғни мегаполисте 3 емханада ауруды жылдам анықтайтын ПЦР орталығы бар.

Халықтың осал топтары арасында ауруды ерте анықтау мақсатында емханаларда туберкулезге ФГ-скринингтік тексеру жүргізіледі. Балаларға Манту және АТР сынақтары жасалады. Ал биылдан бері Фтизиопульмонология орталығында туберкулез инфекциясын анықтау үшін заманауи квантиферон сынағы қолданыла бастады.

Халықтың осал топтары арасында туберкулезді анықтауда үкіметтік емес ұйымдардың рөлі өте зор. Қаламызда 2023 жылдан бастап «Мейірімді жол» қоғамдық қоры жаһандық ұйымның шағын грантымен жұмыс істейді. Алматы қаласының әкімдігі үкіметтік емес ұйымдарға туберкулезбен күрес үшін бюджеттен 9,8 млн теңге бөлді және биыл да осы көлемді қалдырып отыр.

Жаһандық қор, «Денсаулық үшін серіктестер», KNCV сияқты халықаралық ұйымдардың көмегімен туберкулезді анықтау мен емдеу бойынша әлемдегі жетістіктер біздің елімізде де кеңінен қолданылуда.

Коронавирус індеті кезінде Алматы қаласы Фтизиопульмонология орталығы да осы дертпен күресте белсенді атсалысты. Атап айтқанда, 2020 жылдың 13 ақпанынан бастап ҚХР-дан келген және КВИ-мен тығыз байланыста болған адамдар үшін 300 провизорлық төсек-орын жабдықталды. Сол жылдың 12 сәуірінен 10 қыркүйегіне дейін КВИ-мен ауыратын науқастарға 200 төсек-орын бөлінді, ал 23 желтоқсаннан 2021 жылдың соңына дейін осы ауруларға тұрақты стационарлық көмек көрсетілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жанар САПИЕВА,
Алматы қаласы Фтизиопульмонология орталығының директоры:

Біздің салада жаңалық көп

Кейінгі он жыл ішінде туберкулезді емдеуде өте үлкен өзгерістер болды: оған қарсы қолданылатын жаңа медикаменттер шығып, соның нәтижесінде аурудың дәріге төзімді түрлерін емдеу ұзақтығы 24–30 айдан 6–9 айға қысқарды. Бұл дертті емдеудегі тағы бір тың жаңалық – оның амбулаторлы жағдайда емделуі. Алматы қаласы бойынша науқастардың 62 пайызы бірінші күннен бастап емнің осы түрін алады да, оқуын немесе жұмысын жалғастыра береді.

Туберкулезбен ауыратындарға жүйелі түрде әлеуметтік қолдау көрсету де емнің тиімділігін арттырады.

Осы мақсатта 2023 жылы 974 науқасқа жергілікті бюджет қаражатынан 215,7 млн теңге көлемінде әлеуметтік қолдау көрсетілді (ай сайын – 41 мың теңге). Сонымен қатар, 2-топтағы 117 мүгедек жан жәрдемақы алады. 12 студентке оқу орындары тарапынан 5 млн 748 мың теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді. Міне, осы іс-шаралардың барлығы ем-домның нәтижесі болуына септігін тигізді. Былтыр дәріге сезімтал туберкулездің ем тиімділігі 87,2 пайызды, биыл дәріге төзімді туберкулездің ем тиімділігі 80,5 пайызды құрады.

Біздің саладағы тағы бір жаңалық – туберкулез инфекциясын емдеу. Оның аурудың алдын алудағы маңыздылығын түсінбегендер профилактикалық емнен бас тартуда. Өйткені сау адам бірнеше ай бойы туберкулезге қарсы дәріні қабылдау керектігін түсінбейді. Алайда, профилактикалық ем болашақта туберкулезді болдырмайды. Бұл ауру адаммен қарым-қатынаста болған және иммунитеті төмен адамдар үшін аса керек екенін білсек деймін.

Өркениетті елдер сапындағы Қазақстан да туберкулез кеселімен күреске жете көңіл бөліп келеді. Ал мегаполисімізде осы дерт көрсеткіші қалалық Фтизиопульмонология орталығының жүйелі атқарып келе жатқан жұмыстарының нәтижесінде жылдағыдан едәуір төмендеп отыр.

Аталған орталықта тұрақты жұмыс істейтін 100 төсектік стационар бар және онда туберкулездің дәріге төзімді және сезімтал түрімен ауыратын науқастарды емдейді. Сонымен қатар, ауруды анықтайтын арнайы бактериологиялық зертхана жұмыс істейді. Орталықта туберкулезбен күрес майданына 43 дәрігер, 195 орта және кіші медицина қызметкерлері, сондай-ақ, түрлі саладағы 70 қызметкер қамтылған.

Қазіргі күні Алматы қаласында туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Жүргізіліп жатқан кешенді іс-шаралар нәтижесінде кейінгі 10 жылда туберкулезбен ауыру көрсеткіші 60,5 пайызға, ал туберкулез салдарынан болатын өлім көрсеткіші 82,7 пайызға төмендеді. Ал былтырғы көрсеткіштерді «сөйлететін» болсақ, туберкулезбен ауырғандар саны



ЖАС МАМАН

Жақсы маман атану –
өз қолыңызда!

Кез келген адамның өзі қалаған мамандығының шыңына жетіп, қыр-сырын меңгеруі үшін талмай тер төгу керек. Мамандықтың майталманы атану да оңай шаруа емес. Осынау жауапты жолды таңдап, ұлағатты ұстаз атансам деген жас мамандар шоғыры Түркісіб ауданына қарасты №195 жалпы білім беретін мектепте еңбек етіп жатыр. Жас та болса, тәжірибелі басшысы Алма Имашеваның бастамасымен жас мамандардың өзара тәжірибе алмасуы үшін онкүндік ұйымдастырылды.

Мектеп директорының ұсынысымен жүзеге асқан «Жас мамандар онкүндігі» үлкен бір тәжірибе мектебі іспетті болды. Онкүндікке барлық бірлестіктегі жас мамандар қатысып, оның ашылуы «Әір жас маман» стилінде өтті.

Алдымен аталмыш мектептің іші керемет көріністермен безендіріліп, фойеде оқушылар мен оқытушылар сергіту ойындарына қатысты. Келесі күні жас мамандар «Ұлттық киімді ұлықтайық» атты челленджі ұйымдастырып, мектеп ауласын қазақы нақышта көркемдеді. Сондай-ақ, жас ұстаздар этно стильде киініп, оқушылар арасында ұлттық жарыстар ұйымдастырды.

Онкүндік барысында жас мамандар «Цифрлы педагог», «Креативті педагог», «Заманауи педагог», «Жаңашыл педагог» сынды топтарға бөлініп, заман талабына сай жаңа Rebus.com, qrcodemonkey, Lesson up, astar4d, zipgrade платформаларын пайдаланып, семинарлар өткізді. Осы платформаларда «Алгебралық бөлшектер» – 7 «а» сыныбында, «Математика кафеесі» – 6 «а» сыныбында, «Болашақ жас биологтар» – 8 «а» сыныбында, «Дәрумендер» тақырыбында 7 «а» сыныбында ашық сабақтар өткізілді. Әр семинар мен ашық сабақ өзіндік жоспарымен құрылып, сол мақсатқа ұдайы түрде қол жеткізді.

Семинар мен ашық сабақ өткізілген күндері өзге топ мүшелері оқушыларға заманауи талаптарға сай ойын ойнатып, ата-аналармен жүргізілген жұмыс барысында «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында әкелердің қатысуымен «дөңгелек үстел» өткізді.

ЧЕМПИОНАТ

«WORLD SKILLS ALMATY-2024»
жеңімпаздары анықталды

«Сапалы білім беру», «Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асыру аясында және «WorldSkills International құзыреті бойынша WorldSkills Kazakhstan Ұлттық қозғалысын қолдау мақсатында өткен чемпионат өз мәресіне жетті. «WorldSkills Almaty-2024»-те озып шыққан 135 жеңімпазды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова құттықтап, оларға арнайы диплом мен ақшалай сертификаттарды табыс етті. Аталмыш чемпионатқа биыл 53 құзырет бойынша 380 жас маман қатысып, бағын сынады. Үміткерлердің нәтижелерін 400-ден астам сарапшы бағалады.

Биылғы жарыста өзгерістер де болды. Мәселен, еңбек нарығында сұранысқа ие болмаған құзыреттердің орнына жаңалары пайда болды. Олардың арасында жиһаз өндірісін автоматтандыру, жүктерді экспедициялау, электромобильдерге техникалық қызмет көрсету және жол сүзуді сынды жаңа құзыреттер бар.

– Бұл жеңіс – сіздер өткен ұзақ жолдың соңы емес, бұл ұлттық және әлемдік чемпионаттардағы болашақ жеңістеріңіздің бастамасы ғана. Сондықтан сіздерге табыс тілеймін.



Біз Ұлттық чемпионатта қаламыздың атынан қатысып, жеңіспен оралады деп сенеміз! – деді Әсем Нүсіпова.

Енді байқау жеңімпаздары Астанада өтетін «WorldSkills Kazakhstan-2024» республикалық чемпионатына қатысады. Бірінші және екінші орындардың жүлдегерлері дайындықтың келесі кезеңіне өтіп, үш ай ішінде оқу-жаттығу лагерьлерінде өз дағдыларын жетілдіреді.

Сонымен қатар, кезең жеңімпазы ұлттық құраманың құрамына кіріп, Данияда өтетін «EuroSkills-2025» чемпионатына қатысып, ел намысын қорғайтын болады. Осы уақытқа дейін 30 құзырет бойынша «WorldSkills Kazakhstan» республикалық чемпионатын өткізіп келеді. Жеңімпаздың әрбір медалі колледжге ұпай әкеледі.

Сонымен, байқау қорытындысы бойынша Алматы политехникалық колледжі 34 балл, Алматы

құрылыс-техникалық колледжі және Алматы көпсалалы колледжі 26 балл, Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі 22 балл, Сәулет, дизайн және инженерия колледжі 18 балл, Инновациялық техникалық колледжі 16 балл жинады. Үрдіске айналған «WorldSkills Almaty-2024» жұмысшы мамандығының беделін арттырып, шеберлік дағдыларын дамыту болып табылады.

Конкурсқа қатысушылар қала колледжілерінің 18 алаңында графикалық дизайн, кірпіш қалау, құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары, сантехника және жылыту, кескіндеме және сәндік жұмыстар, бизнеске арналған IT-шешімдер, сандық басқарылатын станоктарда токарлық жұмыстар, CAD инженерлік графикасы, жеңіл автомобильдерді прототиптеу, жөндеу және қызмет көрсету және т.б. бойынша сайысқа түскен еді.

КӨРМЕ – БАЙҚАУ

Қалдықты да кәдеге асыруға болады



«Қалдықтардың ғажайыптары» атты көрмеге қойылды. Көрме барысында 2–4-сынып оқушылары қолданылмайтын қалдық заттардан әртүрлі бұйымдар жасап, көпшіліктің назарына ұсынды.

– Кейде біз қоқыс деп тастаған жарамсыз заттың өзі жарамды болуы мүмкін. Сіз оған бар болғаны екінші өмір сыйласаңыз соның өзі жеткілікті. Кез келген үйден істен шыққан, керексіз заттар табылады. Біздің мектептің оқушылары мен ата-аналары бірігіп, қалдықтан түрлі заттар дайындады, – дейді №26 мектептің бастауыш сынып мұғалімі М.Ақылбаева.

Сонымен, 4 «ж» сынып оқушыларының «Көркем Астана», 3 «д» сынып оқушыларының «Ғарыш айлағы», 2 «д» сынып оқушысы Аралбай Ендіктің қақпақтан жасаған «Массаждық алаша», 4 «ж» сынып оқушысы Әділхан Исламның бос бөтелкеден жасаған «Қошақаны», 4 «а» сынып оқушысы Нұрлыбай Сырымның картоннан жасаған «Ұшағы», Аңсар Сейлхановтың «Паравозы» үздік туынды деп танылды.

Көрме-байқау соңында «Ең үздік» деп танылған бұйым иелері бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Көптеген шет мемлекеттер қоқыс қалдығын қайта өңдеп, кәдеге жаратып жатады. Тіпті, өзге елдердің қоқысын тұрақты түрде сатып алатын да мемлекеттер бар. Дегенмен, қазір осы тәсіл біздің де елімізде қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Баяғыдағы тау болып үйіліп жататын қоқысты қазір көрмейсіз.

Өйткені, қаламыздағы «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында талай жұмыс атқарылды. Осындай жұмыстың бел ортасында

Алатау ауданындағы №26 жалпы білім беретін мектептің оқушылары да белсенділік танытып, олардың қолынан шыққан бұйымдары

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

«МЕКТЕПТІҢ АЛМА БАҒЫ»
жобасы жүзеге асты

Алатау ауданындағы №180 жалпы білім беретін мектеп ауласы қазір жайқалып тұр. Мұнда көктем келісімен ұстаздар мен оқушылар «Мектептің алма бағы» атты жобаны қолға алған еді. Сол жоба аясында қыруар жұмыс атқарылып, бос жатқан жерлер кәдімгі аулаға айналды. Жалпы, бұл жоба тек мектеп үшін емес, қала үшін де өте маңызды. Неге десеніз, қаламыздың символына айналып, даңқы әлемге танылған Алматы апорты төңірегінде аңыз да, ақиқат та көп.

Жоба аясында «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу» күні қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева да мектепке арнайы келіп, жобаға өз үлесін қосты. Мектептің үздік оқушылармен бірге аула төріне алма ағаштарын отырғызды.

– «Атадан мал қалғаныша, тал қалсын...» демекші, бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті халықтың денсаулығы мен ұрпақ болашағына оң әсерін тигізіп, туған қаламыздың көркеюіне үлес қосуы – әрбір азаматтың борышы. Сондықтан ағаш отырғызу дәстүрін жыл сайын халық болып жалғастыратын боламыз, – дейді мектеп басшысы Ләззат Байшымырқызы.



«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ӘЛЕМ ЭНЕРГЕТИКТЕРІ

Алматыға жиналды

Қазақ-британ техникалық университетінде «Уран және сирек металдар өнеркәсібін дамыту» XI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында «Атом энергетикасы және оның ресурстық базасын дамыту» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтті. Жиынға қатысушылар еліміздің энергетикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі ретінде Қазақстандағы атом энергетикасын дамыту перспективаларын және бірінші атом электр стансасының құрылысын талқылады.



Досбол
АТАЖАН



Жиынға спикерлер ретінде Ұлттық ядролық орталықтың, Ядролық физика институтының, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, Ядролық технологиялардың қауіпсіздігі ғылыми-техникалық орталығының және «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС өкілдері, Иордания, Ресей, Моңғолия және Оңтүстік Кореяның сарапшылары қатысты.

«Соңғы жылдары елімізде электр энергиясын тұтыну айтарлықтай өсті және оның тапшылығы тек арта бермек. Негізгі энергия өндірудің баламалы көздерін іздеу барысында заманауи, қауіпсіз атом электр станциясын салу мүмкіндігі зерттелуде. Атом электр стансасын салу мәселесі бірнеше жылдан бері күн тәртібінен түспей келеді, біздің азаматтардың пікірін ескере отырып, ел басшылығы бұл мәселені референдумға шығаруды ұсынды. Атом электр стансасы жобасының қоршаған ортаға тигізетін әсері, тұрғындар мен қоршаған орта қауіпсіздігінің кепілдіктері туралы қазірдің өзінде еліміздің өңірлерінде ко-

ғамдық талқылаулар өткізіп жатырмыз», – деді «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жантинкин.

Сондай-ақ, күн тәртібінде ядролық технологиялардың қауіпсіздігі, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық база, Қазақстандағы уран өндіру стратегиясы және осы салаға инвестиция тарту мүмкіндіктері сынды мәселелер де көтерілген болатын.

«Біздің елімізде де, Қазақстандағы сияқты, атом электр станциясын салу мәселесі белсенді түрде талқылануда. Иордания теңіз суын тұшыту қажеттіліктері үшін АЭС салу жоспарынан бас тартқан жоқ, біз бұл мәселені зерттеп сараптап жүрміз, сондықтан бұл мәселеде Қазақстанның тәжірибесі біз үшін өте маңызды», – деді Иордания Ұлттық уран компаниясының басшысы Мохаммад Әл-Шаннак.

Шара барысында қоғамда аса өзекті тақырып – Қазақстандағы бірінші атом электр стансасының құрылысы жайында пікірлер және идеялармен алмасу мүмкіндігі туындады, сондай-ақ атом саласын дамыту бойынша сараптамалық ұсыныстар берілді.

ПСИХОСОМАТИКА



ОЙ МЕН МИ

арқылы адам өзін емдей алады

Алматыда «Психосоматика мамандары қауымдастығының» психосоматиканы ғылым арқылы ашуға арналған екінші съезі өтті. Съездің негізгі міндеті – психосоматиканы ғылым тұрғысынан қарапайым сөздермен ашу, желі құру және психосоматика саласындағы мамандардың білімін толықтыру. Құрылтайда психосоматика саласын дамытуға атсалысып жүрген ең үздік 7 маман сөз сөйледі. Олар қазіргі кезде қоғамда белең алып отырған белсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, адам өміріне гормондардың әсері, ажырасудың көбеюі секілді түрлі тақырыпты көтерді.

Барлық аурудың емі – адамның миында. Өйткені, кез келген аурудан айығу үшін адам алдымен одан жазылатынына сенуі қажет. Ми көп нәрсені шешеді, тіпті кейде оймен белгілі бір іс-әрекетті бұғаттау арқылы ауыр салдарға тап болуыңыз мүмкін. Бұл туралы андролог, уролог Ернұр Айнаев «Бедеулік және оның алдын алу» тақырыбындағы баяндамасында айтты.

«Адам ой және ми арқылы өзін емдей алады. Мысалы, медицинада «плацебо әсері» деген ұғым бар. Мұнда бір дәріні тексеру үшін тәжірибе жүргізеді. Тәжірибеге барлығы 2000 адам қатысады, оның мыңына тексеріліп отырған дәріні береді, ал қалған мың қатысушыға пішіні дәріге ұқсас зияны жоқ бор береді. Сонда дәрі ішкен 1000 адамның 900-і жазылады, ал бор қабылдаған 1000 адамның 200-і жазылады», – деді андролог.

Ернұр Айнаев бүгінде ерлі-зайыптылар арасында белең алып отырған балалы болуды жоспарлауға қатысты үдеріс ауыр салдарға әкеп соқтыруы әбден мүмкін екенін ескертті.

Құрылтайда урологтан бөлек Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің басшысы, кәсіби журналист, саясаттанушы, коуч-ментор Айдос

Садуақасов та ажырасу, тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбында сөз сөйледі. Оның айтуынша, ерлі-зайыпты дамуы жолында қатар жүруі шарт.

«Мен осы психосоматика бойынша курсты бір апта оқығаннан кейін Алматыға әйелімді жібердім. Өйткені, бұл ғылым, бұл ілім маған ғана емес, әйеліме де қажет. Неге мен ғана оқып, біліп, мықты боламын, ал әйелім үй тірлігінде отырады? Сонымен қатар, білген ақпаратыңды 100 пайыз баспақшы дерек секілді қылып жеткізе алмайсың, бәрібір де бір ақпарат жетпей қалады. Сөйтіп, жолдасымды да алып келдім.

Қазір, шүкір осы сабаққа барғаннан кейін біздің балаға деген көзқарасымыз жақсарды, баламен тереңірек сөйлесіп, оған көңіл бөле бастадық. Сондықтан менің көшілікке берер кеңесім, ешкім де отбасыдағы қиындықтан сақтандырылмаған, адамның басына түрлі қиындық келуі мүмкін. Даму жолына түсіп жатқан әйелдің күйеуі, ал еркектің әйелі онымен қатар жүруі қажет. Сонда ғана үйде үйлесімділік, береке, түсіністік пайда болады. Ерлі-зайыптының бірінің ғана білімді болып, дамуы жеткіліксіз», – деді ол.

Ұлжалғас ЖҰМАХАН.

БРИФИНГ

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘМІ

Татарстанда өтетін халықаралық жас аспаздар турнирінің дастарқанына қойылады

Қазақстандық делегацияның Ислам елдері жас аспаздарының «Young Chefs International – 2024» халықаралық турниріне дайындығы қандай? Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында жауапты мамандар айтып берді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Қазақстан рестораторлар клубы ассоциациясының жетекшісі Гүлнар Катипбаева атап өткендей, жас аспаздар турнирі бес жылдан бері Татарстан Республикасында өтіп келеді. Халықаралық турнирге Малайзия, Сауд Арабиясы, Катар, Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Әзербайжан және басқа да ислам елдері қатысады. Бұл қызықты іс-шараның кураторлары әлемдік деңгейдегі танымал аспаздар болмақ. Қазақстан өзінің ерекше дәмі мен тәжірибесін ұсынатын тек қатысушы ғана емес, сонымен қатар қазылар алқасының құрамында да болады.



Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Біз ұлттық тағамдарды әлемдік деңгейде көрсету мүмкіндігіне ие болғанымызды мақтан тұтамыз. Біздің аспаздар аз ингредиенттерді пайдалана отырып, қазақ асханасының бірегейлігі мен байлығын көрсетуге дайын», – деді Қазақстан делегациясының өкілі.

Турнирге еліміздің атынан жас әрі талантты аспаз Руслан Ибрагимов пен техно-

лог, Алматы технологиялық университетінің 3-курс студенті Мерей Жексеналы қатысады.

Бұл жас аспаздардың шеберлігі мен шығармашылығын көрсетуге ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның және басқа елдердің аспаздық қауымдастығы арасындағы достық байланыстарды нығайтудың бірегей мүмкіндігі. Сондай-ақ, аталған іс-шараға қа-

тысу қазақстандық асхананы халықаралық аренада танымал ету жолындағы жарқын қадам болады деп күтілуде.

«Маған осы турнирге қатысу бақыты бұйырды. Мен болашақ аспаз болғандықтан, бұл турнирден тәжірибе алмасып, әлем асханаларының дәмін татып, жаңа дағдыларды меңгеру және осының барлығын болашақ тәжірибеде пайдалану мүмкіндігі туып тұрғанына қуаныштымын», – дейді Мерей Жексеналы.

Ал аспаз Руслан Ибрагимов Қазақстан аспаздық дәстүрлердің алуан түрлілігіне үлес қосып, әлемдік гастрономиялық сахнада маңызды рөл атқарады деп санайды. Ол іріктеуге қатысу мәртебесіне ие болып, іріктеуден өтіп, бүгінде Мерейді жаттықтыруға кірісті. Ендігі басты мақсаты – тарихымызды, гастрономиялық мәдениетімізді барынша жақсы қырынан көрсету.

«Мен өз елімнің патриотымын. Менің шағын блогым бар, онда мен Қазақстанның табиғаты және тағам дайындаудың дәстүрлі әдістері туралы айтамын. Дәстүрлі тағам дайындау әдістері деп нені айтамын? Біз, қазақтар – көшпелі халықпыз. Түркі халқы көшпелі болған. Бізде пісірудің жалғыз әдісі бар, ол – тағамды отқа, қазанда қуыру, қайнату және бұқтыру. Мен дайындайтын барлық тағам отта пісіріледі, нанды да отқа пісіремін. Қазақта «табанан» деген тамаша дәм бар. Сонымен қатар, ұлттық тағамдар, соның ішінде көже дайындауды, ет асудың «бесбармақтан» айырмашылығы жайлы айтамын. Мен біздің табиғатымыздан, өнімдерімізден және адамдардан шабыт аламын», – дейді аспаздар турниріне дайындалып жүрген Руслан Ибрагимов.

18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ

ҒАСЫРЛАР ҮНІ

Жаңа үлгідегі музейлерді ұйымдастыруда ұлт жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі зор

Еліміздің музейлері бүгінгі күні жас ұрпаққа музейлік құнды мұралар мен тарихи ескерткіштер арқылы тәрбие мен білім беруге арналған көпқырлы әлеуметтік ақпараттар институтына айналып отыр. Еліміздің музейлері, әсіресе, өткен ғасырдың 1980–1985 жылдарынан бастап ұлттық сипатқа ие бола түсті. Музейлер ісін дамытуда, ұлттық мұраларды жинақтауда, барын ұлағаттап, жоғын іздестіруде, көнесін жаңғыртып, оларға екінші өмір беруде, мамандар даярлап, жаңа үлгідегі музейлерді ұйымдастыруда академик Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған істері өлшеусіз. Біз бүгін Өзбекәлі Жәнібековтің нақты қолдауымен және жанкешті еңбегінің арқасында құрылып, қалыптасқан 12-ден астам музей тарихының екі-үшеуінен мағлұмат берсек дейміз.



жобасын жасап іске асырып, музейдің танылуына қосқан еңбегі үшін бұл музейді толыққанды Өзбекәлі музейі деп айтуға болады.

Музейдің алғашқы жасақталған экспозиция көрмесі 1981 жылдың 24 сәуірінде Панфилов көшесіндегі 99 нөмірлі бұрынғы көпес үйінде ашылды. Экспозицияның 5 залына 60-қа жуық музыкалық аспап қойылды. Өз заманында дауылпаз күйші, жезтаңдай әнші болған тұлғалардың ұстаған саз аспаптары жинақталып «Мемориал-ескерткіш мұралар» залы ашылды. Ұлы Абайдың, Біржанның, Сейтектің, Махамбеттің, Динаның, Жамбылдың домбыра-



«Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, 1981 жыл.

ларымен қоса абыз жыршылардың да қобыздары қойылды. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын ұлттардың да саз аспаптарын жинап, мәдениетін зерттеу музей қызметкерлеріне жүктелді.

Осы жылдары тұңғыш рет музыкалық археология деген бөлім құрылып, музыка-

лық аспаптарға байланысты археологиялық қазбалардан табылған Балбал тастар қойылды. Жезқазған өңірінен әкелінген «Бақыстастың» бетіне жәндіктердің мифологиялық бейнелері қашалған болса, Жамбыл өңірінен әкелінген «Күйші тас» қолына садақ тәріздес монохорд аспабымен бейнеленген. Осы бөлім аса құнды археологиялық қазбалардан табылған, көне қалалардың мәдени өмірінен сыр шертетін музыкалық аспаптармен толықты.

1984 жылы Ө.Жәнібековтің ұсынысымен Д.А.Қонаевтың қолдауымен, Зенков көшесіндегі Офицерлер үй-ғимараты музейге беріледі. «Казмузейреставрация» мамандары М.Ибраһов, Қ.Тұяқбаев, Ш.Қожақанов, Д.Шоқпаров, А.Найманбаев, Б.Көшербаев бастаған мамандар музейдің жаңа жобасында концерттік залдың төбесін күмбездеп қазақ үйге келтірсе, сахнасын үйдің ортасына дейін тартып көне ұлттық билерді орындауға ыңғайландырады.

Ө.Жәнібековтің ғылыми жетекшілігімен, жаңа музей ғимаратының 8 залына, ғылым бөлімінің меңгерушісі З.Жәкішева, музыкалық жетекші Е.Қуандықов және қор бөлімінің меңгерушісі С.Кәрібайқызы тақырыптық-экспозициялық жоспар жасауды қолға алды. Ұлттық кітапхананың сирек қолжазба, Ұлттық Академияның ғылыми Орталық мемлекеттік мұрағаттар қорларында аспаптану тарихына байланысты тың деректер іздестіру жұмыстарын бастады. Сол жиналған деректер негізінде Жанат Байжігітов (марқұм) көлемді Аттанас дабылын екі түйенің терісінен жасады, О.Хаймульдиннің сипаттамасы бойынша белгілі қобызбен ән салу үрдісін жаңғыртқан Сма-тай Ұмбетбаев атакты күйші Байжігіттің домбырасын жасады.

Ықылас атындағы халық музыка аспаптары музейі қазақ халқының көне және кең тараған, ұмыт болып қайта жаңғырған музыкалық аспаптарымен жинақталып халықтың асыл мұрасын құрады. Қазақ халқының музыкалық мәдениетін, оның ішіндегі дәстүрлі күй өнерін, ән-жырын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келген Құрманғазы, Махамбет, Абай, Біржан сал, Жамбыл, Шашубай, Кенен, Дина, Әміре, Сейтек, Нартай, Мұрын жырау, Ахмет Жұбанов, Манарбек Ержанов, Әбікен Хасенов, Нұрғиса Тілендиев сынды басқа да белгілі өнерпаздардың музыкалық аспаптарын бір жерге жинақтап, ғылыми жүйеге келтірілді. Сөйтіп, аяулы ұстаз, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібеков жандану заманы келе жатқанын болжай біліп, ұрпақ тәрбиесінде Ұлт болмысын ұлттық құндылықтардың ықпалымен сақтап қалатынымызды білді. Бүгінгі ұрпақ осы құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтауға тиіс.

Сәуле МЕРЕКЕЕВА,
музейтанушы-этнограф.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«МӘДЕНИ МАЙДАН»
көрмесі ашылды

Алматы музейінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметіне арналған «Мәдени майдан» атты көрменің ашылуы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Көрменің салтанатты ашылуына Өзбекәлі Жәнібековтің замандастары, қызметтес болған әріптестері, шәкірттері мен ұрпақтары қатысып, естеліктерімен бөлісті. Көрмеде Өзбекәлі Жәнібековтің отбасынан алынған фотоғалар, архивтік құжаттар, еңбектері мен марапаттары, киімдері, жеке заттары, қолжазбалары, эскиздері, Алматы музейі қорынан қоғам қайраткерінің үлгісі бойынша тігілген «Сазген сазы» ансамблінің алғашқы орындаушысының сахналық киімі, фотосуреттері, музыкалық аспаптар мен Әзірет Сұлтан Мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорының қорынан заттары ұсынылды.

Бүгін Алматы музейінде ағамызға арналған көрме ашылып жатыр. Көрме Халықаралық мұражайлар күнінде ашылып жатқанының символикалық мәні бар. Ағамыздың мәдениет саласына үлкен үлес қосқанын көрсетеді. Қала тұрғындарының өз уақыттарын бөліп, көрмеге келгеніне қуаныштымын. Көрмеге ағамның қолданған заттары ұсынылды. Бұл жерде маған ұнайтын жәдігер – ол кісінің сағаты. Көпшілігі менің келбетімді, өзімді атама ұқсатып жатады. Бұл маған күш береді. Сол себептен, оқуда озат болып, атам секілді тұлға болуды

қалаймын, – деді тарихи тұлғаның немересі Әлижан Жәнібеков.

Айта кеткен жөн, Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданының Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Ол – қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен өнерін дамыту жолында іргелі істер атқарған, салт-дәстүрдің, тарихи жәдігерлердің қайта жандануына ықпал еткен ұлт жанашыры. Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанда жүзге жуық музей мен этнографиялық залдар ашылып, «Сазген сазы», «Шертер», «Адғырна», «Алтыннай» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамбльдері, театрлар, «Казреставрация», «Бірегей ысқымен ойналатын музыкалық аспаптардың мемлекеттік коллекциясы» құрылды. Сондай-ақ, Ө.Жәнібековтің арқасында Ұлы даланың бірқатар ескерткіштері сақталды. Қалпына келтірілген ескерткіштердің қатарында Қожа Ахмет Яссауи, Тәжік, Қарахан, Айша-биді, Ақ-ұйық және Бабаджа-Хатун кесенелері мен Жаркент мешіті және Отырар археологиялық ескерткіштері бар. Ө.Жәнібековтің тікелей ықпалымен қазақтың төл мейрамы Наурыз қайта жанданып, қасиетті Тайқазан Қазақстанға қайтарылды. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, Ш.Құдайбердіұлының істерін қайта қарау комиссиясын құрудың бастамашысы болды. Нәтижесінде Алаш зиялыларының даңқты есімдері қайта тірілді.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік оңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 7 айға – 3752,84 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 7 айға – 5152,84 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 7 айға – 2352,84 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тен.

Газет Post.kz-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

VIII сайланым Алматы қаласы мәслихатының қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысының ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

2024 жылғы 13 мамыр

Алматы қаласы мәслихатының қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысының ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: Алматы қаласы мәслихатының төрағасы – Отыңшиев Мейржан Батырбекұлы;
Мәслихат депутаттары: Есмаев Серік Аманжолұлы, Рахшиев Еркінбек Әбдіғаппарұлы, Тө Елена Васильевна, Джузеппе Каранаш Әзбекбайқызы.

Шығарылғандар: Қалымбет Бақыт Әбдірұлы – Алматы қаласы әкімінің аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы.
Күн тәртібі:
«Алматы қаласы көшелерінің атауын өзгерту және атаусыз көшелерге атау беру мәселесі туралы»
Баяндаушы: Қалымбет Б.Ә. – Алматы қаласы әкімінің аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 13-бабының талаптарына және «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес, халық пікірін ескеру үшін Алматы қаласы әкімдігі Алматы қаласының көшелеріне атау беру жөніндегі қажетті материалдарды Алматы қаласы мәслихатының қарауына енгізді.

Ұсынылады:
Алматы қаласының келесі көшелерін қайта атау туралы:
Бостандық ауданы Юрий Гагарин даңғылының К.Тимирязев көшесінен әл-Фараби даңғылына дейінгі бөлігін – Ермек Серкебаев;

Әуезов ауданы Юбилейная көшесін – Владимир Толokonnikov;
Алматы қаласының көшелеріне атау беру туралы:
Түркісіб ауданы «Жас қанат» шағынауданындағы атауы жоқ көшеге – Ескендір Хасаиғалиев;
Бостандық ауданындағы атауы жоқ көшеге – Юрий Померанцев.
Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі тұрақты комиссия **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Алматы қаласының көшелерін қайта атау және атау беру туралы халық пікірі ескерілсін;
Алматы қаласының келесі көшелерін қайта атау туралы:
Бостандық ауданы Юрий Гагарин даңғылының К.Тимирязев көшесінен әл-Фараби даңғылына дейінгі бөлігін – Ермек Серкебаев;

Әуезов ауданы Юбилейная көшесін – Владимир Толokonnikov;
Алматы қаласының көшелеріне атау беру туралы:
Түркісіб ауданы «Жас қанат» шағынауданындағы атауы жоқ көшеге – Ескендір Хасаиғалиев;
Бостандық ауданындағы атауы жоқ көшеге – Юрий Померанцев.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 13-бабының және «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес, жеті жұмыс күнінің ішінде Алматы қаласы мәслихатының қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі тұрақты комиссия хаттамасын Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. «Алматы қаласының көшелеріне атау беру мәселелері туралы» бірлескен қаулы мен шешімнің жобасы сессияның қарауына енгізілсін.

Алматы қаласы мәслихатының қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы

А. АҚАНОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың 29-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген «Алматы қаласының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының» жобасына ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны: 28.06.2024 ж., сағат 11.00-де, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. Жобаның тапсырыс берушісі – «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ, мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. БСН 050240003614, Тел.: +7 700 090 25 00. Әзірлеуші: «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ, мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. БСН 050240003614, Тел.: +7 700 090 25 00. Жобалық құжаттама пакетімен порталда танысуға болады ecportal.kz, қосымша ақпаратты мына нөмір бойынша алуға болады: +7 700 090 25 00 және el.mekenjajy@ecology@almaty.gov.kz. Хабарламалар мен ұсыныстар «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-де мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. ecology@almaty.gov.kz. Онлайн байланыс сілтемесі <https://us05web.zoom.us/j/81695914771?pwd=COQlTurP7a1dGQyFapFobqR12PFX.1>.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«ALATAU AQPARAT» медиахолдингінің ұжымы Қазақстанның Халық жазушысы Қалижан Бекхожиннің жары, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз, белгілі тарихшы **Заида БЕКХОЖИНАНЫҢ** өмірден озуына байланысты ұрпақтарына, туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес 2024 жылдың 21 маусымында сағат 11.00-де «Алматы қаласы, 7-көше, 130-үй мекенжайындағы 2-ЖЭО «АлЭС» АҚ аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) 2-ЖЭО үшін «Қолданыстағы шығарындылар нормативтерінің жобасын және әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты түзетудің ықтимал әсерлері туралы есебі» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz/> порталында, сондай-ақ Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е. және 76,8490 ш.б. және әсер ету аймағының географиялық координаттары Алатау ауданы – 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 мекенжайы, +7 777 068 56 38 тел., u.prip@almaty.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады. Төтенше жағдайдың және

(немесе) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның енгізілуі жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында ұсынылатын болады.

Онлайн қосымша сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/82082074925?pwd=qNkPvJqn47rhxO07Hu97MBigY11fA.1> Конференция идентификаторы: **820 8207 4925.**

Қолжетімділік коды: **0wVU6D** Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Әзірлеушінің деректемелері: «КазЭкоаналитика» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Есенов көшесі, 13-үй, 36 пәтер, БСН 130140014396, байланыс тұлғасы: Абдраманов Шері Айдарбекович, тел.: **8 747 221 05 06.**

Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz электрондық мекенжайы және 8 (727) 254-03-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-ын жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде қолданыстағы 2-ЖЭО ғимараттары мен құрылыстарын бөлшектеу жұмыстарын жүргізу жобасына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің (ҚОҚБ) материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылдың 27 мамырынан бастап 5 жұмыс күні ішінде, www.ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталда өткізіледі.

Жобаны әзірлеуші: «Гүлденустрой» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 17-үй, «Нұрлы Тау» ПФО, 4-Б блок, 1006 кеңесі, байланыстағы тұлға: Елеуов Дархан, е-mail: d.yeleuov@guldenn.kz, 8 778 330 16 85.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен www.ecoportal.kz, бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы сайтында www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article?activities=38378&lang=ru «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Толық ақпаратты almaty-akshamy.kz сайтынан оқыңыз.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі ардагерлер қозғалысының белсендісі, еңбек майданына қатысушы, Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі **Саида Мүжішқызы ШАХМҰРАТОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттер авторлық.

РУХАНИЯТ

«ЖОШЫ ХАН» АЛМАТЫҒА КЕЛДІ

Таяуда қазақ әдебиеті «Жошы хан» атты жаңа тарихи романмен толыққаны көзіқарақты оқырманға мәлім. Алатауға дүбірі ерте жеткен шығарма кеше ғана Алматыдағы оқырманымен қауышты. 15 мамыр күні басталған Qazaq Book Fair кітап көрме-жәрмеңкесі аясында аталған кітаптың таныстырылымы өткен болатын.

шылар, автормен замандас қаламгерлер де әдеби жиынның талқысына қатысып, тарихи романға қатысты пікірлерін ортаға салды.

Белгілі жазушы Ырысбек Дәбей қаламдасының шығармасындағы тіл қолданысының этнографиялық нақтылыққа жақын екеніне айрықша тоқталды. Ақын Бақытбек Бәмішұлы қазақ әдебиетінде бұрын қалам ізі түсе қоймаған мұндай тақырыпқа бару үлкен еңбекті және батылдықты қажет ететінін айта келіп, шығарманың нақтылық, дәлдік пен жинақылыққа құрылғаны жайында талдап өтті. Өзге де қатысушылар шығарманың көтерген ауқымды тарихи тақырыбы, көркемдік ерекшелігі мен тіл қолданысы турасында пікірлерін ортаға салды.

Әдеби жиында әдебиетіміздегі көптен бері ақсап келе жатқан кең тақырыпқа қалам тербеген авторға алғысын білдіріп, «ат мінгізіп, шапан жапқан» ағайын да көп болды. Бәрі де бодандық кезеңдерден бері бұрмаланған қазақтың төл тарихы мен төл тарихи тұлғаларының әдеби шығармалар арқылы елімен қайта қауышып жатқандарына қуаныштарын осылай жетізді.

Расында Ұларбек Дәлейұлының «Жошы хан» тарихи романын қазақ әдебиетіндегі тың тақырып ретінде атауға болады. Аталған айбынды тарихи тұлғаға қатысты бұған дейін Зардыхан Қинаятұлы сынды ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері болмаса, көлемді әдеби еңбек жазылған емес. Жаңа туынды оқырманды осы қырымен де қызықтырады.

«Жошы ұлысына дейін де осы дала біздің бабалардың мекені болғаны даусыз. Бірақ біздің қазіргі территориямызды бір мемлекет ретінде негіздеп кеткен, ол – Жошы хан ғой. Бұл тұрғыда оның тарихи еңбегі өте зор. Оған қоса, Жошы хан туралы әртүрлі әңгімелер бар, бұрмаланған деректер, алыпқашпа пікірлер де көп. Бірақ соған қарсы

жүйелі ғылыми еңбектер аз, ал әдеби шығармаларды табу қиын. Сосын да бұл тұлға қазақтардың өзі үшін де жұмбақ болды. Міне, осы бір бостықты толтырайын, осы жұмбақты таратайын деген мақсатта еңбекті қолға алған едім», – дейді автор.

Шығыс заманына қатысты 17 нақты көне тарихи жазбалар бар. Ұ. Дәлей аталған шығармасында осы тарихи жазбаларды ақтара отырып, ішінен ең жүйелі әрі сенімді дерек ретінде Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» еңбегі мен М. Мағауиннің «Шығыс хан» еңбегін көшбасшы етіп алғанын жеткізді.

«Көркем роман болғасын ойдан жаңа кейіпкерлер қосып, қырық құбылтуға еркіндік бар ғой. Бірақ бұл шығармада мен нақты деректі ғана таңдадым. Жалпы, шығармада тек бір ғана кейіпкер ойдан шығарылады, қалғаны дерлік тарихи шынайы кейіпкерлер. Жазу стилі мен түрі көп, соның ішінен ең бір қолайлы деген түрін таңдай отырып, тарихи баян ретінде жазуды жөн көрдім. Себебі, қазіргі ұрпаққа Жошы ұлысынан тартып, Алтын Орда, одан бергі Қазақ хандығына дейінгі біздің тарихи мемлекеттілігімізге қатысты анық түсінік беруді негізгі мақсат еттім. Былайша айтқанда, қазіргі жаңа буынның санасында «Біздің жалпы тарихымыздың шынайы құрылымы, болмысы осындай екен ғой» деген түсінік қалыптасса екен деген үміттен туды», – деді автор пікірінде.

Кітапсүйер оқырманға құлаққағыс ете кетейік. Qazaq Book Fair кітап көрме-жәрмеңкесін ұйымдастырып жатқан Foliant баспасы Ұлттық кітапхана қорына түрлі тақырыптарда жарық көрген 1000 дана кітап тарту етті. Аталған кітап көрмесі 15–17 мамыр аралығында өтіп жатыр. Жәрмеңке аясында өзге де авторлардың еңбектері жұртқа таныстырылады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

БИЫЛҒЫ ЖАЗ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Түнжыраған аспан, будақ-будақ бұлт, жарқылдаған найзағай, нөсерлеткен жаңбыр жадыраған жазды тым алыстатып жібергендей



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Алматыда жауынды жаз осыдан 60 жыл бұрын болыпты. Биылғы жаз жаңбыр боп өтті, Ұсақ балапан жаңбырлар, Мөлдір жаңбырлар Теректерге жауды да кетті. Шықпайды тіпті есімнен,

Ол былай еді:
Көк төсінен
Мөлдір моншақтар
Төгіліп құлай берді,
Төгіліп құлай берді... –

деп келетін Сырбай ақынның 1964 жылы жазылған «Биылғы жаз жаңбыр боп өтті» деген өлеңі сөзімізге айғақ болғандай.

Мұнан кейінгі жаңбырлы жаз 1985 жылы болды. Әлі есімде, елден досым келді. Баласын оқуға алып келіпті. Есік алдында, шие түбіндегі сәкіде отырып кешкі асты іштік. Күндіз күн күліп тұрғанымен, түн салқын. Сол себепті, үй ішінде ұйықтайтынбыз. Ол оңтүстіктік жақтың адамы болғасын, далада сәкі үстінде жататын болды. Менің әрі-бері «түн салқын, шаншулап қаласың» деп ескерткен сөзімді елемеді.

Түннің бір уағында, шамасы таң алдында болса керек, біреу есік қакты. Қатты-қатты ұрды. Барып ашсам, есіктің

аржағында ақ киімді, ақ сақалды «аяз ата» тұр. Өзер таныдым. Өлгі батырсынған, ыстықтағыш досым.

– Оу, досым, не болды, мына түрің не? – дедім.
– Ойбай... Алматың... салқын екен ғой... – деді еріндері езер жуысып. Тістері бір-біріне тимей сақ-сақ етеді.

Бұл – 1985 жылғы шілде айының ортасы еді... Биылғы қыс тым жайсыз өтті. Оның үстіне көктем жаңбырмен басталды. Күн аралатып жауғанын көп көріп жүргенімізде, апталап жауды. Мамырдың ортасының ауғанда қатты нөсердің соңы бұршаққа ұласты. Төпелеген жаңбырдың зардабын тартып жатқандар да жоқ емес...

Өткен жолы сөз еткен «Құралайдың салқыны» амалы жүріп жатыр. Айдың соңына дейін жалғасады. Таң суытып, жаңбырдың жиі көрініс беруі киіктердің ұрпақ әкелу жолындағы арпалысының әсері.

Мамырдың 20–25 аралығында тағы бір амал қатар жүреді. Ол – Күйек деп аталады. Түз андарының күйегі түсуін көрсетеді. Аңызсыз амал бола ма қазақта, Күйекке қатысты да төмендегідей аңыз бар. Ертеде малшылар қыстан аман өтіп, мал жем-шөптен қиналмайтын осындай мезгілде ойдан бір қаба сақалды Күйек есімді жырышы келеді, ол қыс бойына сауықсайрансыз өткен малшы қауымға қуаныш-шаттық сыйлайды...

5–6 күннен кейін күміс белдік тағынған бір сал-сері ақын келеді, ол малшылықта жүрсе де үстіне шаң жуытпаған ер екен, сондықтан ел оны «мырза» деп атап кетеді. Өр жылы

осы күйек мезгілінде «мырза» мен «қаба сақал» екеуі бірінің артынан бірі келіп тұрады. Екеуі бір жолғы айтыста бет жырттысып қалады да, малшылар ол екеуін екі жерге отырғызып қояды. Осыдан кейін олар бірін-бірі көрмеу, кездеспей мақсатымен кезектесіп келетін болыпты-мыс. Аңыз бойынша Күйек қаба сақалды атайдың аты делінеді. Басқаша аталуы: Қыр күйек.

Сонымен, қазір күйек амалы. Келесі кезек «мырзаныкі». Амал кезінде арқар, бұғы, марал төлдейді...

Міне, көктем де бітуге тақау. Май тоңғысыз мамыр байқалмады. Григорианша бүгін айдың 17-ші жаңасы. Бірақ күн әлі жылымай тұр. Айдың туысы қуанарлықтай емес, аса жайсызға да келмейді. Сәл қырындап тұр. Өзіне де, шаруаға да қолайсыз. Тамылжыған аптабы бойды балкытып, ыстығы бетті шарптитын күндер аз болатын сияқты.

Көрнекті ақын Сырбай Мәуленов әлгі жырын:

Жаз көркін ашу үшін
Шалғынға бөлеп,
Жан өртің басу үшін
Жаңбыр да керек,
Жаңбыр да керек! – деп аяқтаған екен.

Иә, жаңбыр керек. Елге де, жерге де керек. Тек жаңбырдың соны селге, самалдың соны желге ұласып кетпесін деп тілейік. Бабаларымыз жақсы тілекті жарым ырысқа балаған ғой.